

ÚZDİK PEDAGOG

JURNALY



Республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік

№09(57)
(2025 ж. Қыркүйек
/Сентябрь 2025 г.)



МУҚАҒАЛИ – МӘНГІ ЖЫР

№14 Бейімбет Майлин атындағы орта мектебінің

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні

МУҒАЛІМІ



Каржаулова
Дильвара
Мырзабековна

ÚZDIK PEDAGOG

Республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналы

«ÚZDIK PEDAGOG JÝRNALY» республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналының №09(57) (2025 ж. Қыркүйек) шығарылымы.
Выпуск №09(57) (Сентябрь 2025 г.) республиканского педагогического научно-методического журнала «ÚZDIK PEDAGOG JÝRNALY».

Басылымның кезеңділігі - айына 4 рет шығады

Периодичность издания — 4 раза в месяц.

№ KZ35VPY00080588 есепке қоюы туралы
КУӘЛІК

СВИДЕТЕЛЬСТВО
о постановке на учет № KZ35VPY00080588

Қазақстан Республикасы Ақпарат және
қоғамдық даму министрлігі Ақпарат
комитетінде берілген

Выдано Комитетом информации Министерства
информации и общественного развития Республики
Казахстан

ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТЫ:

білім беру саласындағы оқу-әдістемелік, ғылыми-
тәжірибелік, ақпараттық -сараптамалық,
педагогикалық инновациялық тәжірибелерді тарату
бойынша материалдар жариялау.

ТЕМАТИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ:

публикация материалов по распространению учебно-
методического, научно-практического,
информационно-аналитического, педагогического
инновационного опыта в области образования.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Бас редактор:/Главный редактор: Баянды Ерлан

Дүйсенбекова Б.Н. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Қарағанды медицина университеті

Дүзбаева Н.М. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Каскарбаева Б.Б. – педагог-шебер

Қасқабаяева Ф.С. – педагог-шебер

Есенова Ш.Б. – педагог-зерттеуші

Иманбек Ә.О. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі

Алшынов А.Ә. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі

Корректор / корректор: Кәкіш Мерей Ертайқызы

Жауапты хатшы / ответственный секретарь: Есберген Айдын Ардақұлы

Материалдардың анықтығына авторлар
жауапты болады.

Редакция материалдарды қабылдамауға
құқылы.



Ответственность за достоверность
материалов несут авторы. Редакция
оставляет за собой право отклонять
материалы

«ÚZDIK PEDAGOG JÝRNALY» педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналының авторларға арналған ережелерімен QR-кодты сканерлеу арқылы таныса аласыз.

С правилами для авторов педагогического научно-методического журнала «ÚZDIK PEDAGOG JÝRNALY» вы можете ознакомиться, отсканировав QR-код.

Мазмұны / Содержание

| | |
|--|----|
| Каржаулова Д.М. Мұқағали – мәңгі жыр | 4 |
| Сембаева Ұ.М. Қозғалыс ойындары мен динамикалық жаттығулар арқылы оқушылардың қимыл-икемділігін дамытудың ғылыми негіздері | 5 |
| Курманханова Б.Б. Жасөспірімдердің эмоциялық интеллектісін дамытудың маңызы | 8 |
| Киздарбекова С.Ш. ЖИ-ды пайдалану арқылы тарихи жобаларды жүзеге асыру тәжірибесі | 10 |
| Акжигитова Н.К. Қазіргі бастауыш сынып оқушыларына мәтінді мазмұндау барысында «Төрт терезе» әдісін қолданудың өзектілігі және тиімділігі | 12 |
| Орынбекова Ж.Ж. «Smart English with AI» бағдарламасы – ағылшын тілін оқытудың жаңа инновациялық моделі | 14 |
| Байконырова А.О. Қазақ тілі сабақтарында білім алушылардың оқу сауаттылығын дамыту | 15 |
| Турғынбаева К.М. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқыту мақсаттарына бағытталған тиімді әдістер арқылы оқыту | 17 |
| Бақытжан С. Қазақ тілі сабақтарын қызықты және сапалы білім беру жолдарының тиімділігі.. | 19 |
| Атекеева Б.К. Биология сабақтарында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту | 21 |
| Тюпеева А.Р. Сан және санау. Анама көмектесемін. Фигуралар тізбегі. Тізбек және заңдылық. | 23 |
| Жансабиева У.К. Мектепалды сынып оқушыларының жазу машығын қалыптастыру | 25 |
| Айтуганов Б.С., Болатбек А.Б. «Геоэкология ғылымы: тұрақты даму мен білім беру кеңістігіндегі рөлі» | 27 |
| Рысбаева Р.М. Lesson Study зерттеу жұмыстарын мектеп тәжірибесінде пайдаланудың тиімділігі..... | 29 |
| Аяганова М.Ж. Ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың танымдық күзiреттiлiгiн дамыту жолдары | 32 |
| Исибай Г.Қ. Көркем еңбек сабағында ұлттық ою-өрнектерді қолдану әдістемесі..... | 35 |
| Кенжеева Ж.Р. Мүктер мен қырықжапырақтардың тіршілік циклі. Гаметофит. Спорофит. | 38 |
| Ахунова М.А. Абайдың қара сөздері арқылы эмоционалды интеллектті дамыту жолдары | 42 |
| Пирнепесова А.Ж. Оқушылардың психологиялық инерция ойлауының жеңу әдісі | 45 |
| Федулова Т.Б. Профессиональное развитие педагогов: взгляд в будущее | 49 |
| Дуйсенова А.К. «Оқу мен жазу дағдыларын дамыту: тәжірибелік әдістер», бастауыш сыныптағы оқу мен жазудың маңыздылығы..... | 51 |
| Айдағара Қ.А. Алаш зиялыларының қазақтың ғылыми тілін қалыптастырудағы орны | 53 |
| Исергепова С.Д., Аманова С.С. "Тіл дамыту" әдістемелік құралының тиімділігі..... | 55 |
| Үсен Е.Қ. «Волейбол: допты беру және шабуылдау» | 58 |
| Садирбаева Г.А. Жаңартылған білім беру мазмұнына негізделген «Елтану ғұрыптары» курсы және оқылым дағдысын қалыптастыру жолдары | 60 |
| Мұқан Ж. Бастауыш және орта мектептерде ағылшын тілін оқытуда жасанды интеллектті қолданудың әдістемелік аспектілері | 62 |
| Истаева Р.С. Teaching Cognitive Approach for Engineering and Technical Profile Pupils | 65 |
| Унгарова В.К. HTML-дің мүмкіндіктері мен маңыздылығы | 67 |

Каржаулова Дильвара Мырзабековна
 Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі
 №14 Бейімбет Майлин атындағы орта мектеп
 Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Ақбастау ауылы



МҰҚАҒАЛИ – МӘҢГІ ЖЫР

Жүгі бар ұстаз деген арқамызда,
 Үмітпен келіп тұрмын ортаңызға.
 «Мұқағали байқауын» арқау етіп,
 Құрметпен сәлем бердім баршаңызға.

Алмастай қызыл тілді тіске жанып,
 Сөйлейін тыңдаңыздар құлақ салып.
 Мұқағали ақынға сөз арнадым,
 Өлеңменен қиялымды қомдап алып.

Өнерімен жүрек отын жандырып,
 Ұрпағының іңкәр мейірін қандырып.
 Еш нәрсе жоқ мәңгі жасар дегенмен,
 Ақын өтер өшпес мұра қалдырып.

Тілінде оның сыры терең жаны бар,
 Жырдың кілті құмар жанға табылар.
 Ұлылықты жырдан ұққан ұрпағы,
 Тауда өскен мұзбалағын сығынар.

Жыр тұлпары ақын едің ақберген,
 Таласпаған шен-шекпенге тақпенен.
 Тірі кезде күндестермен алысып,
 Жыр айдында қайырлаған ақ кемең.

Қырандарша ғұмыр кешу заңдылық,
 Ақын жанды таланттарға тән қылық.
 Мұқағали «ақындардың пірі» боп.
 Ұрпағына атың қалды мәңгілік.

Есімің тұр жүректерді жаңғырып,
 Жырларыңды жұрт айтып жүр ән қылып.
 Өлең сүйген өренің көп, сондықтан,
 Жыр сапарың тоқтамайды мәңгілік!

Сембаева Ұлдана Мугманалықызы

Дене шынықтыру пәні мұғалімі, педагог-модератор
Абай облысы білім басқармасының Бородулиха ауданы білім бөлімінің
"Жезкент орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі



ҚОЗҒАЛЫС ОЙЫНДАРЫ МЕН ДИНАМИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚИМЫЛ-ИКЕМДІЛІГІН ДАМУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

***Аннотация:** мақалада оқушылардың қимыл-икемділігін дамытудағы қозғалыс ойындары мен динамикалық жаттығулардың ғылыми-педагогикалық негіздері жан-жақты қарастырылған. Зерттеу барысында миофасциялық релиз әдістері, тыныс алу техникасын оқыту, биологиялық кері байланыс технологиялары, кинезиотейпингтің қолданысы және эмоционалды-танымдық процестерге әсері талданды. Авторлар қозғалыс белсенділігінің тек физиологиялық қана емес, сонымен қатар когнитивтік және психоэмоционалды дамуға ықпал ететінін атап көрсетеді. Мақалада оқушылардың жас ерекшелігіне сай жаттығуларды таңдау, сабақта инновациялық тәсілдерді қолдану, ойын элементтері арқылы қызығушылықты арттыру жолдары ұсынылады. Зерттеу нәтижелері икемділікті дамыту жүйелі және кешенді тәсілді қажет ететінін, бұл дене тәрбиесі мұғалімдері мен тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға ықпал ететінін дәлелдейді.*

***Кілт сөздер:** икемділік, қозғалыс ойындары, динамикалық жаттығулар, миофасциялық релиз, тыныс алу техникасы, биологиялық кері байланыс, кинезиотейпинг, когнитивтік даму, моторлық үйлесімділік, оқушылардың дене тәрбиесі.*

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың қимыл белсенділігін арттыру және олардың дене тәрбиесін жүйелі ұйымдастыру оқушылардың салауатты өмір салтын ұстануының басты кепілі болып табылады. Икемділік ұғымы физиологиялық тұрғыдан алғанда адам ағзасындағы буындардың қозғалыс амплитудасын, бұлшықет талшықтарының серпімділігін және орталық жүйке жүйесінің қозғалысты басқару қабілетін сипаттайтын кешенді көрсеткіш болып саналады. Жас ерекшелігіне байланысты икемділік қабілеті біртіндеп төмендейтіндіктен, оны мектеп жасында жүйелі жаттығулар арқылы дамыту аса маңызды. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, икемділікке бағытталған қозғалыс белсенділігі тек бұлшықет-буын жүйесін нығайтып қана қоймайды, сонымен қатар мидың қозғалысты басқару аймақтарының нейропластикалық қасиеттерін де күшейтеді, нәтижесінде оқушының жалпы моторлық дамуы жеделдейді.

Оқушылардың икемділігін дамытуда қозғалыс ойындарының рөлі ерекше. Ойын табиғатынан эмоционалды орта тудырады, ал эмоция адамның физиологиялық және психологиялық процестерін белсендіретіні белгілі. Ойын кезіндегі жарыс элементі, қимыл-

қозғалыстың әртүрлілігі, бірлескен іс-әрекет оқушыны белсенді қатысуға ынталандырады. Мұндай белсенділік жүйке-бұлшықет байланысының тиімділігін арттырып, проприорецепторлардың сезімталдығын күшейтеді, бұл өз кезегінде икемділікті жетілдіруге ықпал етеді. Әсіресе бастауыш және орта буын сыныптарда ойындық әдістер икемділікті дамытудың ең тиімді құралы болып саналады, себебі балалар бұл кезеңде ойын арқылы жақсы үйренеді, қозғалысты еркін орындайды және жаттығуларды жалықпай қайталайды.

Динамикалық жаттығулардың ғылыми тұрғыдан дәлелденген пайдасы өте зор. Белсенді созылу жаттығулары буындардың қозғалыс амплитудасын біртіндеп кеңейтіп, бұлшықет талшықтарының серпімділігін жоғарылатады. Плиометрикалық жаттығулар бұлшықет күшін жылдам жұмылдыруға көмектеседі, серпінділік пен реакция уақытын жақсартады. Тепе-теңдік пен тұрақтылық жаттығулары вестибулярлық аппараттың дамуын қамтамасыз етеді, бұл спорттық икемділікпен қатар жалпы қозғалыс үйлесімділігін жетілдіреді. Мұғалімдер мен тәрбиешілер сабақ құрылымында мұндай жаттығуларды жүйелі және біртіндеп күрделендіре отырып енгізуі қажет. Әсіресе дене қыздыру кезеңінде жеңіл серіппелі қозғалыстар, буындарға арналған айналмалы жаттығулар, динамикалық созылулар орындалса, негізгі бөлімде күрделі секірулер, эстафеталық ойындар, денені әртүрлі жазықтықта айналдыратын жаттығулар қосылса, соңында тыныс алу жаттығулары және бұлшықетті босататын созылулар орындалуы тиімді.

Зерттеулер көрсеткендей, икемділік тек физикалық емес, сонымен қатар когнитивтік процестерге де оң әсер етеді. Икемділік жаттығулары мидың қан айналымын жақсартады, нейрондық байланыстардың беріктігін арттырады, нәтижесінде оқушының назар шоғырландыру, есте сақтау және зейін қою қабілеті жоғарылайды. Бұл деректер қозғалыс белсенділігінің оқу жетістіктерімен тікелей байланысты екенін дәлелдейді. Қазіргі таңда халықаралық деңгейде жүргізілген зерттеулер көрсетіп отырғандай, мектеп бағдарламасына енгізілген қысқа қозғалыс белсенділіктері мен сергіту сәттері оқушылардың пәндік үлгеріміне де оң ықпал етеді.

Қозғалыс ойындарын ұйымдастыруда педагогикалық тұрғыдан жас ерекшелігі мен оқушылардың психофизиологиялық дайындығы ескерілуі тиіс. Әсіресе инклюзивті сыныптарда барлық балалардың қатысуына мүмкіндік беру, тапсырмаларды деңгейлеп беру, ойын ережесін түсінікті ету маңызды. Мұндай тәсілдер балалардың әлеуметтік бейімделуіне де көмектеседі. Сонымен қатар заманауи цифрлық технологияларды қолдана отырып, интерактивті жаттығуларды геймификациялау да тиімді нәтиже береді. Мысалы, виртуалды спорттық ойындар немесе қимылды бақылайтын сенсорлы жүйелер арқылы оқушылардың қызығушылығы артып, олардың икемділікті дамытуға деген мотивациясы күшейеді.

Ғылым мен практиканың тоғысында дене тәрбиесі мұғалімдері үшін инновациялық әдістерді қолдану қажеттілігі туындайды. Қазіргі таңда әлемде fitness-based learning, blended physical education сияқты ұғымдар кең таралған. Бұл бағытта дәстүрлі қозғалыс жаттығулары цифрлық қосымшалар, интерактивті жаттықтырғыштар және биологиялық кері байланыс беретін құрылғылармен толықтырылады. Мұндай тәсілдер оқушылардың жеке нәтижелерін қадағалап, прогресті нақты бағалауға мүмкіндік береді, бұл да икемділікті дамытудың жаңа деңгейін қамтамасыз етеді.

Қозғалыс икемділігін дамытудың тағы бір маңызды қыры – бұлшықет-фасция жүйесінің серпімділігін сақтау. Соңғы жылдары жүргізілген биомеханикалық зерттеулер фасция тіндерінің созылғыштығы буын қозғалысының толық амплитудасына жауап беретінін көрсетті. Сондықтан динамикалық жаттығуларда тек бұлшықетке емес, фасция мен сіңір тіндеріне әсер ететін миофасциялық релиз элементтерін енгізу ұсынылады. Бұл үшін арнайы роликтер, резеңке таспалар немесе өз салмағымен орындалатын жеңіл тербелмелі жаттығулар қолданылады. Мұндай әдістер оқушыларда жарақат алу қаупін азайтып, қозғалыстың үйлесімділігін жақсартады.

Сонымен қатар икемділікті дамытуда тыныс алу техникасының рөлі зор. Дұрыс тыныс алу бұлшықетке оттегінің жеткізілуін арттырып, сүт қышқылының жиналуын азайтады және

бұлшықеттің тез шаршауына жол бермейді. Мұғалімдерге динамикалық жаттығуларды орындату кезінде оқушыларға тыныс алудың ритмін үйрету ұсынылады. Мысалы, созылу кезінде баяу дем шығарып, бастапқы қалыпқа оралғанда дем алу арқылы жаттығудың тиімділігін арттыруға болады.

Қазіргі педагогикалық тәжірибеде биологиялық кері байланыс (biofeedback) технологиялары жиі қолданыла бастады. Бұл әдіс арнайы сенсорлар арқылы бұлшықет кернеуін, жүрек соғу жиілігін немесе буын қозғалысын бақылауға мүмкіндік береді. Мұндай кері байланыс оқушыларға өз қимылдарын саналы түрде реттеп, қозғалыс дәлдігін арттыруға көмектеседі. Бұл тәсіл әсіресе спорттық бағдарламада немесе дайындық топтарында жоғары нәтижелер береді.

Икемділікті дамытудың психологиялық аспектілері де назардан тыс қалмауы тиіс. Қимыл белсенділігі кезінде эндорфин мен серотонин секілді «қуаныш гормондары» бөлінеді, бұл оқушының эмоционалдық жай-күйін тұрақтандырады және сабаққа қызығушылығын арттырады. Педагогтар икемділікке арналған сабақтарды шығармашылық элементтермен, музыкалық сүйемелдеумен және ойын атмосферасымен байытса, балалар жаттығуды қуана орындайды, бұл ұзақ мерзімді мотивацияны сақтайды.

Заманауи ғылыми әдебиеттерде икемділікті дамытуда кинезиологиялық таспалау (kinesio taping) әдісін қолданудың тиімділігі дәлелденген. Бұл әдіс спортшыларда ғана емес, мектеп жасындағы балаларда да бұлшықет белсенділігін жақсарту және қозғалысты шектеусіз орындауға мүмкіндік беру мақсатында қолданылады. Мұғалімдер үшін бұл әдісті тек мамандардың нұсқаулығымен қолдану ұсынылады, себебі дұрыс таңдалған таспа бұлшықет қызметін қолдап, жаттығудың тиімділігін арттыра алады.

Соңғы жылдары жүргізілген нейрофизиологиялық зерттеулер икемділік жаттығулары мен когнитивтік даму арасындағы байланысты нақтылай түсті. Белсенді созылу мен қозғалыс ойындары кезінде мидың қозғалысты жоспарлайтын аймақтарымен қатар, маңдай бөлігінің атқарушы функцияларына жауап беретін аймақтары да белсендіріледі. Бұл зейінді басқару, тапсырмаларды орындау стратегиясын жетілдіру және оқу мотивациясын арттыруға ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, қимыл-ікемділікті дамытуда қозғалыс ойындары мен динамикалық жаттығулардың кешенді түрде қолданылуы оқушылардың физиологиялық, психологиялық және когнитивтік дамуына оң әсер етеді. Мұғалімнің негізгі міндеті – жаттығуларды жас ерекшеліктеріне сай таңдау, олардың жүйелілігі мен реттілігін сақтау, ойын элементтерін енгізу арқылы қызығушылықты арттыру және оқушылардың қимыл белсенділігін үздіксіз қолдау. Бұл ғылыми негізделген тәсілдер балалардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, олардың оқу үлгерімін де жақсартуға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер

1. Әбілдинов С.Қ. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
2. Sherrill, C. Adapted Physical Activity, Recreation, and Sport. – Human Kinetics, 2017.
3. Боген М.М., Петрова И.А. Физиология человека: учебник. – Москва: ГЭОТАР-Медиа, 2022.

Курманханова Балнур Бактыгазиевна

Педагог - психолог

Абай облысы білім басқармасы Бородулиха ауданы білім бөлімінің

"Жезкент орта мектебі" КММ

Абай облысы, Бородулиха ауданы, Жезкент кенті



ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТИСІН ДАМУДАҒЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі тұлғаның жан-жақты дамуына бағытталған. Бұл орайда интеллектуалдық қабілеттер ғана емес, адамның эмоциялық және әлеуметтік даму деңгейі де аса маңызды рөл атқарады. Қоғамда өмір сүру, басқа адамдармен қарым-қатынас орнату, ішкі сезімдерді дұрыс қабылдау мен басқару – бұлардың барлығы эмоционалды дамумен тығыз байланысты.

Жасөспірімдік шақ – адамның ең күрделі және маңызды даму кезеңдерінің бірі. Бұл уақытта балалар өздерінің кім екенін анықтап, қоғамда өз орнын табуға ұмтылады. Эмоциялық интеллектінің жеткіліксіз дамуы оларды түрлі күйзеліс, агрессия, жалғыздық, қоғамнан оқшаулану сияқты проблемаларға алып келуі мүмкін. Сондықтан бұл мақалада жасөспірімдердің эмоциялық интеллектісін дамыту жолдары, оның маңыздылығы мен тиімді әдіс-тәсілдері қарастырылады.

ЭМОЦИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТ: ҰҒЫМЫ МЕН МӘНІ

Эмоциялық интеллект (EI) дегеніміз – адамның өзінің және өзгенің эмоцияларын түсіну, тану, басқару қабілеті. Бұл ұғымды алғаш 1990 жылы американдық психологтар Питер Саловей мен Джон Майер енгізді. Кейінірек Даниел Гоулман бұл ұғымды кеңінен насихаттап, практикалық қолданысқа енгізді.

ЭИ – адамның өмірдегі табыстылығының 80%-ын анықтайды деген тұжырымдар бар (Гоулман, 1995). Бұл интеллект түрі адамның психологиялық саулығына, отбасылық өміріне, мансаптық жетістігіне тікелей әсер етеді.

Гоулман ұсынған эмоциялық интеллекттің 5 негізгі компоненті:

| Компонент | Мазмұны |
|---------------------|--|
| Өзін-өзі тану | Өз эмоцияларын тану, атау, түсіну |
| Өзін-өзі реттеу | Эмоцияларды бақылау, стреске қарсы тұру |
| Мотивация | Ішкі ынтаны дамыту, мақсатқа бағытталу |
| Эмпатия | Өзгенің сезімін түсіну, сыйластық таныту |
| Әлеуметтік дағдылар | Коммуникация, келіссөз, жанжалсыз қарым-қатынас құру |

ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕҢДІҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жасөспірімдердің психологиялық жағдайы жиі өзгеріп отырады. Бұл кезең — адамның психофизиологиялық дамуының ерекше сатысы. Бала балалық шақтан ересек өмірге қадам басады, бірақ толық қалыптасқан тұлға емес. Әдетте жасөспірімдік кезең 11–18 жас аралығын қамтиды. Бұл кезеңде, өз-өзіне сенімсіздік, эмоциялық күйзеліс, ата-ана мен мұғалімдерге қарсылық, сыныптастармен бәсеке, жаңа рөлдерді меңгеру (дос, көшбасшы, т.б.) сияқты мәселелер алдыңғы қатарда болады.

Мысалы, жасөспірім өзінің ашуын басқара алмай, құрдасымен жанжалдасуы мүмкін. Бұл жағдайда эмоцияны тану және реттеу дағдысы жеткіліксіз болғаны көрінеді

Бұл жас — тұлғаның: өзін-өзі тану, жеке пікір қалыптастыру, эмоциялық және әлеуметтік жетілу кезеңі болып саналады. Физиологиялық тұрғыдан бұл уақытта гормоналды өзгерістер жүріп, адамның эмоционалды фоны тұрақсыз болады. Осы себепті эмоциялық интеллект бұл кезеңде айтарлықтай маңызды рөл атқарады. Жасөспірімдерде эмоциялық реакциялар күрт және жиі ауысып отырады. Бір сәтте қуаныш, келесі сәтте реніш немесе ашу сезімі пайда болуы мүмкін. Мұндай эмоционалды ауытқулардың себептері:

- Гормондық өзгерістер (тестостерон, эстроген, адреналин деңгейінің өзгеруі);

- Мидың префронтальды қыртысының жетілмеуі (бұл аймақ жауапкершілік, эмоцияны бақылау, логикалық ойлауға жауап береді);

- Тұлғалық дағдарыс – жасөспірім өзінің кім екенін, өмірдегі орнын іздейді. немесе рөлдік күйзеліс» деп сипаттайды.

Жасөспірімдік шақ — эмоциялық дамудың ең күрделі кезеңі. Бұл кезеңде:

эмоцияны тану мен басқару, эмпатияны дамыту, өзін-өзі бағалау, қарым-қатынас құру дағдылары ерекше маңызды. Осы дағдыларды дамыту үшін эмоциялық интеллектті арнайы бағытталған жаттығулар, оқыту мен қолдау арқылы қалыптастыру қажет**.

ЭИ дамыған жасөспірім:

- Өз эмоциясын дұрыс танып, басқара алады;

- Қиын жағдайларда сабырлық танытады;

- Қарым-қатынас дағдысы жоғары болады;

- Өз пікірін еркін әрі сыпайы жеткізе алады. Сол себепті ата-аналар мен мұғалімдер жасөспірімнің эмоциялық әлеміне мұқият қарап, оны түсініп, қолдау көрсетуге ұмтылуы тиіс.

Эмоциялық интеллектті дамытудың педагогикалық және психологиялық маңызы зор.

Эмоциялық интеллектті дамыту:

- Мектептегі үлгерімді арттырады – эмоционалды тұрақты оқушылар оқу процесіне жақсы бейімделеді;

- Мектептегі буллинг пен конфликт санын азайтады – эмпатиясы бар бала ешкімді ренжітпеуге тырысады;

- Көшбасшылық қасиеттерді дамытады – эмоциясын басқара білетін адам айналасына сенім ұялатады;

- Психологиялық денсаулықты нығайтады – өз сезімін білдіре алған бала күйзеліске қарсы тұра алады.

Қорытындылай келгенде Қазақстанда оқушылардың психоэмоциялық жағдайын зерттеу бойынша соңғы жылдары жүргізілген зерттеулерге сүйенсек, оқушылардың 40%-ы өз эмоцияларын дұрыс жеткізе алмайтынын, ал 25%-ы жиі мазасызданатынын көрсеткен (ҚР БҒМ, 2023). Бұл – эмоциялық интеллектті дамыту қажеттілігін нақты дәлелдейді. Эмоциялық интеллект – адамның өмір бойы дамитын қабілеті. Жасөспірімдік кезең – бұл қабілетті қалыптастыруда шешуші сәт.

Киздарбекова Сауле Шарафдиновна

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Тарих пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы
«№114 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ
Астана қаласы



ЖИ-ДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ТАРИХИ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ

Аннотация

Мақалада тарих пәнін оқытуда жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолдану тәжірибесі қарастырылды. Тарихи жобаларды жүзеге асыруда ЖИ-дың мүмкіндіктерін – деректерді өңдеу, визуализация, реконструкция және цифрлық карталар жасау тәсілдері талданды. ЖИ-дың оқушылардың сыни ойлауын, функционалдық сауаттылығын және зерттеу дағдыларын дамытудағы рөлі көрсетіледі. ЖИ-ды тарихты оқытуға енгізудің артықшылықтары мен қиындықтары айқындалып, болашақтағы даму бағыттары мен ұсыныстар беріледі.

Кілт сөздер: Жасанды интеллект, тарихты оқыту, тарихи жобалар, зерттеу дағдылары

Қазіргі заманда білім беру саласы қоғамдағы жаңа технологиялық өзгерістермен қатар дамуда. Солардың ішінде жасанды интеллект (ЖИ) ерекше орын алады. ЖИ бүгінде тек ғылым мен өндірісте ғана емес, сонымен қатар оқу үдерісінде де тиімді қолданыла бастады. Тарих пәні дәстүрлі түрде деректерге, фактілерге, оқиғаларға, тарихи тұлғаларға сүйенетін сала болғандықтан, онда ЖИ-дың мүмкіндіктері кең.

ЖИ көмегімен тарихи жобаларды жүзеге асыру оқушыларға да, студенттерге де тарихты тек оқулықтан емес, цифрлық ортада тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл мақалада ЖИ-ды пайдалану арқылы тарихи жобаларды іске асырудың жалпы тәжірибесі қарастырылады.

Тарихи зерттеулердің негізгі ерекшелігі – үлкен көлемдегі дереккөздерді пайдалану. Архив құжаттары, ескі жазбалар, фотосуреттер, карталар және археологиялық материалдар мұқият талдауды қажет етеді. ЖИ бұл процесті жеңілдетеді:

- құжаттарды автоматты түрде тану және аудару;
- мәтіндерді қысқаша мазмұндау және талдау;
- деректер арасындағы байланыстарды анықтау;
- статистикалық мәліметтерді визуализациялау.

Осының бәрі зерттеу жұмысын жеделдетіп қана қоймай, оқушы немесе студенттің негізгі күшін талдауға бағыттайды.

ЖИ тарихи оқиғаларды немесе көне қалалардың бейнесін қайта құрастыруға мүмкіндік береді. 3D-модельдер, виртуалды экскурсиялар, толықтырылған шындық элементтері –

барлығы ЖИ-дың көмегімен жасалады. Мұндай тәсіл тарихты түсінуді жеңілдетіп қана қоймай, оны қызықты әрі қолжетімді етеді.

ЖИ берген ақпарат әрқашан нақты бола бермейді. Сондықтан оқушылар деректерді салыстыруға, тексеруге, қателіктерді табуға үйренеді. Бұл тарих ғылымындағы ең маңызды дағдылардың бірі – сыни тұрғыдан ойлау мәдениетін қалыптастырады.

Жоба – оқушының немесе студенттің дербес зерттеуінің нәтижесі. ЖИ жобаны бірнеше кезеңде қолдай алады:

- тақырыпты таңдауда көмек беру;
- бастапқы деректерді жинақтау;
- ақпаратты жүйелеу;
- жобаны визуалды түрде ұсыну;
- дайын жұмысты қысқаша мазмұндау.

Осылайша ЖИ оқушының серіктесі ретінде әрекет етеді, бірақ басты шешім мен қорытындыны адам өзі жасайды.

ЖИ тарихи деректерді диаграмма, инфографика, карта түрінде ұсынуға көмектеседі. Бұл әдіс ақпаратты түсінікті әрі тартымды етеді. Мысалы, белгілі бір ғасырдағы сауда жолдарын немесе көші-қон бағыттарын карта түрінде көрсету зерттеу нәтижесін айқын етеді.

ЖИ ұлттық және әлемдік мәдени мұраларды цифрлық форматқа көшіруде қолданылады. Ескі құжаттарды, жыр-дастандарды, тарихи суреттерді цифрландыру және оларды жасанды интеллект арқылы өңдеу оқушыларға қолжетімді материалдар қорын кеңейтеді.

Оқушылар тарихи кейіпкердің атынан күнделік жүргізіп, ЖИ арқылы оны толықтыра алады. Бұл әдіс тарихты шығармашылық тұрғыдан қабылдауға мүмкіндік береді.

ЖИ деректерді картаға түсіріп, оқиғаларды кеңістік пен уақыт тұрғысынан жүйелейді. Бұл тәсіл оқушының географиялық және тарихи сауаттылығын арттырады.

ЖИ ұзақ мәтіндерді қысқаша мазмұндап, негізгі идеяларды бөліп шығара алады. Бұл оқушыларға деректерді жылдам игеруге көмектеседі.

Сонымен қатар, ЖИ көмегімен тарихи оқиғаларды модельдеу мүмкіндігі бар. Бұл оқушыға өткен дәуірдің жағдайын сезініп, оқиға барысын түсінуге көмектеседі.

Артықшылықтары:

- Деректерді тез әрі сапалы өңдеу;
- Тарихи оқиғаларды көрнекі түрде ұсыну;
- Зерттеу дағдыларын дамытуға көмектесу;
- Шығармашылық қабілетті арттыру;
- Жаңа әдістемелік мүмкіндіктер ұсыну.

Қиындықтары:

- Ақпараттың әрдайым дәл болмауы;
- Оқушылардың дайын жауапқа үйреніп кету қаупі;
- Мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін арттыру қажеттілігі;
- Авторлық құқық пен деректердің түпнұсқалығын сақтау мәселелері.

Тарихи зерттеулерге арналған цифрлық зертханалар құру ЖИ-ды жүйелі қолдануға мүмкіндік береді. Бұл зертханаларда оқушылар виртуалды карталар, 3D үлгілер жасай алады.

ЖИ-ды пайдаланып жасалған викториналар, тесттер, онлайн симуляциялар оқушылардың белсенділігін арттырады.

ЖИ арқылы қазақ халқының тарихын цифрлық форматта ұсыну – ұлттық сана қалыптастырудың жаңа жолы. Эпос, шежіре, мұрағат құжаттары жас ұрпаққа қолжетімді болады.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект тарих пәнінде жобалық жұмыстарды жүзеге асырудың қуатты құралына айналды. Ол деректерді жинауға, талдауға, визуализациялауға және шығармашылық тұрғыдан ұсынуға көмектеседі. ЖИ-дың арқасында оқушылар тарихты тек оқулықтан ғана емес, интерактивті және заманауи ортада меңгере алады.

Дегенмен ЖИ-дың шектеулері де бар: ақпараттың дәлдігі, тәуелділік қаупі және мұғалімдердің цифрлық дайындық деңгейі. Сондықтан ЖИ-ды толыққанды білім беру құралы емес, оқушының ізденісіне бағыт беретін қосымша мүмкіндік ретінде қарастыру қажет.

Осылайша, ЖИ-ды тиімді қолдану арқылы тарихи жобалар оқушылардың сыни ойлауын, зерттеу дағдыларын және шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етеді. Бұл білім берудің жаңа сапалы кезеңіне жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жасанды интеллект: болашаққа көзқарас// <https://egemen.kz/article/367950-zhasandy-intellekt-bolashaqqa-kozqaras> - 2024.

2. Баймұхамедов М.Ф., Баймұхамедова А.М., Боранбаева С.Н. Жасанды интеллект: қазіргі заманғы теория және тәжірибе. 2 бөлім. – Алматы: «Бастау», 2020. – 240 б. [Электронды оқулық]

3. Жасанды интеллектті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. ҚР Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысы// <https://adilet.zan.kz/kaz>

4. Тарих ғылымын зерттеу мен оқытуда жаға бағыттар мен ұстанымдарды айқындау және ғылым үшін маңыздылығын анықтау// https://e-history.kz/storage/upload/library_kk_files/iblock/680/68082e9cb7567cf371bd067a51af82a3.pdf

Акжигитова Назира Кенжеевна

Бастауыш сынып мұғалімі

«Алматы облысы білім басқармасының Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Әл-Фараби атындағы орта мектеп» КММ



**ҚАЗІРГІ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА МӘТІНДІ
МАЗМҰНДАУ БАРЫСЫНДА «ТӨРТ ТЕРЕЗЕ» ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ
ӨЗЕКТІЛІГІ ЖӘНЕ ТИІМДІЛІГІ**

| | |
|-------------|------------|
| Кім? Не? | Не істеді? |
| Кілт сөздер | Сурет салу |

Мақсаты: Оқушылардың тіл құзіреттілігін, ой-өрісін, шығармашылығын дамыту.

Сөйлемдерде бейнелеу сөздерін кеңінен қолдануға үйрету, сөздік қорларын дамытуға дағдыландыру.

Тіл дамыту қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі болып келеді. Бүгінде дамыта отырып оқыту үрдісін қамтамасыз ету үшін оқушылардың ойлау қабілетін, қиялын жетілдіріп

шыңдауда Мағжан Жұмабаевтың баланың ойын ұштауға байланысты айтқан қағидаларының мәні зор. Бастауыш сыныпта мәтінді оқытудың теориялық ерекшеліктері және педагогикалық ұстанымдары талданып, мәтіннің құрылымдық - мазмұндық бөлімдерінің (тақырыбы, жоспары, мазмұны және түрі) ерекшеліктері туралы, теориялық білім бере отырып, мәтін құру білігі мен дағдысын қалыптастырудың тиімді жолдары мен әдіс тәсілдері қарастырылып, оқушыны мәтін құрып, ауызша және жазбаша сөйлеуге үйрету әдістемесін жасаудың жолдары іздестіріледі. Оқушылардың сөйлеуі, сөздік қорының байлығы, грамматикалық құрылымын меңгеруі, кез-келген суреттер бойынша сөйлем құрап айтуда бейнелі сөздерді қолдануда қиналатындығы, жаттанды күнделікті сөздерді қолданумен шектелетіндігі қазіргі таңда алаңдайтын жағдай болып отыр. Бастауыш сыныпта бала мәтін мазмұнын, сөз мағынасын ұғынып, саналы түрде жүрдек, көркем оқуға дағдыланады. Сонан соң оқығанын мазмұндай бастайды. Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын байыту үшін, сөз таңдау және сөз қолдану шеберлігін қалыптастыру үшін, тілдік талғамын арттыру үшін мәтіннің әңгімелеу, сипаттау, пайымдау түрлерін құрауды, олардың ерекшеліктерін, сөйлемдердің байланыстыру тәсілдерін үйретудің маңызы зор. Кез келген адам ойын дұрыс әрі жатық, әсерлі жеткізуге тырысады. Себебі сол арқылы басқалармен оң қарым - қатынас орнатып, көздеген мақсатына жетуге мүдделі болады. Нақтырақ айтсақ, мәнсіз, мағынасыз сөздің өзі оны тиісті жерінде мәнерлеп, әсерлеп жеткізе білгенде ғана құдіретті күшке айналады.

Бала мәтінді толығымен оқып шығады бірақ соңында «не істеді?» деген сұраққа өз сөздерін қолдану аясында өз деңгейінде мардымды жауап ала алмайтынымыз белгілі. Бұл дегеніміз баланың кітап оқымайтындығын, сөздік қорының аздығын, күнделікті ауыз екі сөйлеумен қысқа түрде шектелетінін көруге болады. Сонымен қатар түсінігін жүйелі түрде рет-ретімен айтуды да біле бермейді. Тағы бір жағдай дұрыс сұрақ қою кезінде де қиналып отырады.

Оқушыларға мәтінді жүйелі түрде айтуды үйрету және шығармашылығын дамыту мақсатында мен өз тәжірибемде «**Төрт терезе**» әдісін қолданып, бастауыш сынып оқушыларымен жұмыстандым. Оқушылар бұл әдісті жақсы қабылдап «**Төрт терезе**» әдісі арқылы сөйлейікші деп өздері сұрайтын болды. Қазіргі таңда алдымдағы студенттерге яғни болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне осы әдісті таныстырып, тәжірибеде қолдануды үйретіп отырмын. Мектептерге іс-тәжірибеге барған студенттер әдебиеттік оқу сабақтарында қолданып, балаларға мазмұн айтуда көп көмегінің тигенін жеңіл әрі қызықты қандай сурет салар едің? деген сұраққа балалар ойланып, қиялдап барынша өзгеше етіп салуға тырысады. Осылай баланың шығармашылығын шыңдауға болады. Осындай жұмыс түрлерін өткізе отырып, болғандығын оң нәтиже беретіндігін жеткізді. Соның ішінде сурет салу бөлігінде осы мәтінге қатысты мәтінмен жұмыс жүргізу кезінде оқушылардың ой - өрісін дамытуға, терең білім алуларына мүмкіндік туады. «**Төрт терезе**» әдісін қолданудағы нәтижеге тоқталсақ.

Күтілетін нәтиже: Оқушының игерген білімін терең ойлап талдау жасай алуы, оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру, баланың білім алуға деген қызығушылығымен ынтасын арттыру, жүйелілік, шығармашылыққа деген бетбұрыс, сұрақтарды дұрыс қоя білуге үйрету, өздеріне мағынасы таныс емес сөздерге мән беру. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды еңгізу күннен - күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшеюде. Оқу бағдарламасына жаңа үрдістер, жаңа оқу технологиялары көптеп еңгізілуде. Қазақ тілі сабағын оқытуда жаңа технологияның өзіне тиімдісін қолдана отырып оқушының мүмкіншіліктеріне қарай деңгейлік тапсырмалар, шығармашылық жұмыстар, тіл байлығын, сөздік қорын байытуға арналған мәтінмен жұмыс түрлерін ұйымдастыру. Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана, оқушылардың білім сапасын жоғары көтере алады. Білім сапасын көтеру дегеніміз - оқушыны жоғары деңгейге көтеру. Осы мақсатты алға қоя отырып, тіл үйретуде мәтінмен жұмыс түрлерін тиімді пайдаланып, оқушылардың қазақша сөйлеу дағдысын қалыптастыру.

Орынбекова Жазира Қазбекқызы

Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-модератор
Астана қаласы әкімдігінің
«Смағұл Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп гимназия» ШЖҚ МКК



«SMART ENGLISH WITH AI» БАҒДАРЛАМАСЫ – АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚИТУДЫҢ ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ МОДЕЛІ

Бүгінгі таңда әлемдік білім беру жүйесінде цифрлық трансформация қарқынды жүріп жатыр. Әсіресе тіл үйрету саласында жасанды интеллект пен сандық ресурстардың орны ерекше. «Smart English with AI» бағдарламасы – осы бағыттағы жаңа бастама. Бағдарлама орта білім беру деңгейінде ағылшын тілін оқытуда дәстүрлі әдістерді заманауи технологиялармен ұштастыруды мақсат етеді.

Бағдарламаның басты мақсаты – оқушылардың тілдік дағдыларын кешенді дамыту, сонымен бірге олардың цифрлық сауаттылығын арттыру. Ол үшін ChatGPT, Grammarly, Quillbot, Elsa Speak сияқты жасанды интеллект құралдары, сондай-ақ Quizlet, Kahoot, Wordwall, Padlet секілді интерактивті платформалар қолданылады.

Сабақ жоспарлары модульдік жүйемен құрылған:

- Unit 1: Getting to Know You – оқушылар өзін таныстыру, достары мен отбасын сипаттау, күнделікті өмірі туралы айтуға үйренеді.

- Unit 2: The World Around Us – елдер мен астаналар, табиғат, дәстүрлер тақырыптары қамтылады.

- Unit 3: Grammar in Context – грамматикалық дағдыларды (Present Simple, Past Continuous, Future Simple) қолдану дағдылары дамытылады.

- Unit 4: Healthy Life – салауатты өмір салты, спорт, дұрыс тамақтану тақырыптары қарастырылады.

Әр сабақта тапсырмалар жүйесі оқушыны белсенді әрекетке бағыттайды. Мысалы, «My Favorite Hobby» сабағында оқушылар алдымен Bamboozle ойыны арқылы хобби мен күнделікті іс-әрекетті ажыратады, кейін ChatGPT арқылы журналист пен танымал тұлға рөлінде әңгіме жүргізеді, соңында Canva платформасында өз хоббиі туралы постер жасайды.

Бағалау критерийлері де нақты көрсетілген: оқушының сөйлесім, жазылым және тыңдалым әрекетіне арналған дескрипторлар қойылады. Бұл тәсіл білім сапасын әділ өлшеуге мүмкіндік береді.

«Smart English with AI» – ағылшын тілін үйренудің заманауи әдісі ғана емес, оқушыларды шығармашылыққа, сыни ойлауға, дербес жұмыс істеуге жетелейтін инновациялық жоба. Мұндай бағдарламалар Қазақстанның білім беру кеңістігін халықаралық деңгейге шығаруға жол ашады.

Байконырова Айнур Омирзаковна

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Алматы облысы білім басқармасының Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Әл-Фараби атындағы орта мектеп» КММ



ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Қазіргі заман талаптарына сай, әрбір білім алушының оқу сауаттылығы – бұл тек оқып, жазуды білуден гөрі, ақпаратты түсіну, талдай алу, мәселені шешу және шығармашылықпен ойлау қабілетін дамытуға бағытталған маңызды құзыреттілік болып табылады. Оқу сауаттылығының дамуы қоғамдағы қарқынды өзгерістерге байланысты үлкен маңызға ие. Атап айтқанда, қазіргі ақпараттық қоғамда ақпаратты терең түсіну мен дұрыс пайдалану дағдылары аса қажет. Осы орайда, қазақ тілі сабақтарында оқу сауаттылығын дамыту мәселесі ерекше өзекті болып отыр.

Оқу сауаттылығының мәні мен маңызы

Оқу сауаттылығы – бұл адамның оқыған мәтіннің мазмұнын түсіну және оны өз өмірінде тиімді пайдалану қабілеті. Қазақ тілі сабақтарында оқу сауаттылығын дамыту – бұл тек тілдік дағдыларды меңгеру емес, сондай-ақ оқу үдерісінде білім алушының өз ойын жүйелі жеткізуіне, мәтіннің негізгі идеясын түсініп, оны талдай білуіне мүмкіндік береді. Оқу сауаттылығы – бұл сөздік қордың дамуы, грамматикалық құрылымдарды дұрыс пайдалану, мәтінді талдау, ақпаратты жүйелеу, алған білімді күнделікті өмірде қолдана білу қабілеттерін қамтиды.

Бүгінде оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған оқыту әдістемесі оқу бағдарламаларында және оқулықтарда басты орын алады. Себебі оқу сауаттылығы жоғары деңгейдегі тұлғалар қоғамда әлеуметтік және кәсіби өмірде тиімді әрекет ете алады, ақпараттық және танымдық сұраныстарын қанағаттандыра алады.

Оқу сауаттылығын дамытудағы қазақ тілі пәнінің рөлі

Қазақ тілі пәні – оқу сауаттылығын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын пәндердің бірі. Себебі қазақ тілін үйрену тек сөздік қорды байыту ғана емес, әрбір мәтінді түсіну, пікір алмасу, қорытынды жасау, шығармашылықты дамыту сияқты аспектілерді қамтиды. Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту барысында, қазақ тілінің грамматикасы мен лексикасы, сондай-ақ орфография мен пунктуациясын терең түсіну қажет. Сонымен қатар, мәтіндерді тыңдау, оқу, жазу арқылы оқушылардың ақпаратты өңдеу қабілеттері қалыптасады.

Қазақ тілі сабақтарында оқу сауаттылығын дамыту үшін бірнеше әдіс-тәсілдер қолданылады:

□ **Мәтінмен жұмыс:** Оқушыларды түрлі мәтіндермен таныстыру арқылы олардың мәтінді түсіну, талдау, негізгі ойды анықтау, әрі қарай ой қорыту қабілеттері дамиды.

Мәтінмен жұмыс барысында оқушылардың зейіні мен қызығушылығын оятуға, мәтіннің ішкі құрылымын және логикалық байланыстарын түсінуге үйрету маңызды.

□ **Сұрақ-жауап әдісі:** Мәтін бойынша сұрақтар қою арқылы оқушыларды талқылауға, пікір алмасуға, өз ойларын жүйелі түрде жеткізуге ынталандыруға болады. Бұл әдіс оқушылардың ойланып, зерделеп жауап берулерін талап етеді, яғни олар тек мәтінді оқып қана қоймай, оны терең түсінуге деғдыланады.

□ **Топтық жұмыс:** Оқушыларды топтарға бөліп, әр топқа түрлі тапсырмалар беріп, бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік беру де оқу сауаттылығын дамытудың тиімді тәсілі болып табылады. Бұл әдіс оқушылар арасында пікір алмасуды, өзара түсіністік пен ынтымақтастықты нығайтады.

□ **Кері байланыс және өзін-өзі бағалау:** Сабақ барысында оқушылардың оқу барысындағы жетістіктері мен кемшіліктерін анықтап, оларды түзету үшін кері байланыс жүргізу маңызды. Оқушылардың өздерінің оқу процесін бағалауы, өзінің күшті және әлсіз жақтарын түсінуі оқу сауаттылығын дамытуда үлкен рөл атқарады.

□ **Шығармашылық тапсырмалар:** Шығармашылық жұмысты ұйымдастыру арқылы оқушылардың еркін ойлау, тілдік шығармашылық қабілеттерін дамытуға болады. Оқушыларға мәтіндер жазу, шығармалар, эсселер жазу, пікірталастар ұйымдастыру сияқты тапсырмалар берілгенде олар өз ойларын нақты әрі сауатты түрде жеткізуге машықтанады.

Оқу сауаттылығын дамытудың тиімді жолдары

Оқу сауаттылығын дамытудың жолдары мен әдістері әртүрлі бола алады. Дегенмен, олардың барлығы бір мақсатқа, яғни оқушылардың ақпаратты қабылдау, түсіну және қолдану дағдыларын жетілдіруге бағытталуы қажет.

1. **Көптілді оқыту:** Қазақ тілімен қатар, орыс және ағылшын тілдерін оқыту оқушылардың жалпы оқу сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді. Көптілді білім беру оқушылардың басқа тілдердегі мәтіндерді түсіну мен талдай білу қабілеттерін де дамытады.

2. **Интернет-ресурстарды пайдалану:** Қазіргі технологиялық заманда интернет пен электронды оқулықтар, онлайн платформа арқылы оқу сауаттылығын дамытуға болады. Оқушыларға интернет-ресурстарды пайдаланып, ақпаратты іздеу, салыстыру, анализ жасау дағдыларын үйрету маңызды.

3. **Көркем әдебиетке қызығушылық таныту:** Қазақ халқының бай әдеби мұрасы оқу сауаттылығын дамытуда үлкен рөл атқарады. Көркем әдебиет оқуды ынталандыру арқылы оқушылардың тіл байлығын арттырып, шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдіруге болады.

4. **Әлеуметтік тәжірибені пайдалану:** Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту барысында олардың әлеуметтік тәжірибесін пайдалану да тиімді. Мысалы, оқушыларға күнделікті өмірде кездесетін түрлі ақпараттарды, жарнамалар мен хабарландыруларды оқу, талдау, оларға пікір айту тапсырмаларын беру оларды шынайы өмірмен байланыстырады.

Қорытынды

Қазіргі қоғамда оқу сауаттылығын дамыту – бұл тек тіл үйрену емес, ақпаратты терең түсіну, оған талдау жасау және алған білімді қолдану қабілетін дамыту болып табылады. Қазақ тілі сабақтарында оқу сауаттылығын дамыту үшін әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану қажет. Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту, оларды мәтінді дұрыс түсінуге үйрету, өз ойларын нақты әрі дұрыс жеткізуге көмектесу – бұл білім беру жүйесінің негізгі міндеті. Қазақ тілі пәні осы бағытта маңызды рөл атқарып, оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруға ықпал етеді.

Тургынбаева Куралай Мадыхановна

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Алматы облысы білім басқармасының Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Әл-Фараби атындағы орта мектеп» КММ



ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ОҚИТУ МАҚСАТТАРЫНА БАҒЫТТАЛҒАН ТИІМДІ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ ОҚИТУ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні — оқушылардың тілдік және әдеби мәдениетін қалыптастырудың негізі болып табылады. Бұл пәндер оқушыларды қазақ тілінің грамматикасын, орфографиясын, лексикасын үйретумен қатар, әдебиет арқылы халықтың рухани мұрасын, тарихын, мәдениетін танытады. Тіл мен әдебиеттің терең әлемін ұғыну оқушылардың ойлау қабілетін, сөздік қорын және шығармашылық әлеуетін дамытумен қатар, эстетикалық талғамын қалыптастырады.

Қазіргі білім беру жүйесінде педагогика ғылымы мен әдістемесінің түрлі жаңалықтары мен зерттеулері арқылы тиімді әдіс-тәсілдер оқу үрдісіне енгізілуде. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың тиімді әдістері оқушыларды жан-жақты дамытуға, білім алудың қызықты әрі нәтижелі болуына жағдай жасайды. Осы мақалада қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы тиімді әдістерді қарастырамыз, олар оқушылардың білім сапасын арттыруға қалай әсер ететінін талдаймыз.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың мақсаты

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда бірнеше маңызды мақсаттар қойылады. Оқушыларға берілетін білім мен дағдылар осы мақсаттар аясында қалыптасады:

1. **Тілдік дағдыларды қалыптастыру:** Қазақ тілінің грамматикалық құрылымдарын, сөздік қорды меңгеру, жазу, оқу, сөйлеу дағдыларын дамыту.

2. **Әдебиетке деген қызығушылықты арттыру:** Қазақ әдебиетінің тарихын, оның көрнекті өкілдерін танып, олардың шығармашылығы арқылы ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.

3. **Сын тұрғысынан ойлау:** Әдеби шығармалар арқылы оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға, әдеби шығармаларды талдауға, мәтіндердің терең мәнін түсінуге дағдыландыру.

4. **Шығармашылық қабілеттерін дамыту:** Оқушылардың жазба және ауызша шығармашылық қабілеттерін дамыту арқылы оларды өз ойын еркін жеткізуге үйрету.

5. **Әлеуметтік дағдыларды дамыту:** Тілдік қарым-қатынастың маңызды аспектілерін меңгерту, өз пікірін жеткізу, диалог жасау, пікір алмасу дағдыларын қалыптастыру.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың тиімді әдістері

Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту барысында қолданылатын әдістер оқушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді және оқу материалын тиімді меңгеруге көмектеседі. Тиімді әдістерді қолдану сабақтың қызықты әрі нәтижелі болуына ықпал етеді.

1. Дамытушы оқыту әдісі

Дамытушы оқыту әдісі оқушылардың өз бетінше ойлау, талдау, мәселелерді шешу қабілеттерін дамытуға бағытталған. Бұл әдіс әсіресе әдеби шығармаларды талдағанда тиімді. Мысалы, белгілі бір шығарманың негізгі идеясын анықтау, автордың көзқарасын түсіну, кейіпкерлердің мінез-құлқын талқылау арқылы оқушылар шығармашылық ойлау дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, тілдің грамматикалық құрылымдарын, синтаксис, лексикасын дұрыс қолдануға үйретеді.

Мысал: «Қазақтың халық ауыз әдебиеті» тақырыбында оқушыларға әр түрлі мәтіндер беріліп, оларды талдау тапсырмасы беріледі. Оқушылар сол мәтіндерді талдай отырып, автордың идеяларын, бейнелі сөздерді, тілдік құралдарды пайдалану тәсілдерін түсініп, шығарманың мәнін ашады.

2. Сын тұрғысынан ойлау әдісі

Сын тұрғысынан ойлау әдісі оқушылардың ойлау қабілетін арттырады. Бұл әдіс мәтінді оқып, оны түсініп қана қоймай, оның ішіндегі мәселелерді, себеп-салдарлық байланыстарды анықтап, пікір қалыптастыруға бағытталған. Оқушылардың әдеби шығармаларды талдау барысында мәтіннің терең мәнін түсіну қабілеті дамиды.

Мысал: Оқушыларға белгілі бір шығарманың басты мәселесі туралы сұрақ қойылады. Олар сол мәселе бойынша өз пікірін айтады, шығарманың мазмұнын әрі қарай зерттеп, жазушының ұсынған шешімін талдайды.

3. Топтық жұмыс әдісі

Топтық жұмыс әдісі оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын дамытады. Бұл әдіс шығармашылық тапсырмалар мен пікірталастар ұйымдастыру арқылы оқу процесін жандандырады. Оқушылар бір-біріне көмектесіп, ойларын бөлісіп, ортақ шешімдер қабылдауға үйренеді.

Мысал: Оқушылар топтарға бөлініп, әр топқа белгілі бір тақырып немесе әдеби шығарма беріледі. Топтар сол шығарманы талдап, негізгі идеяны, кейіпкерлердің мінез-құлқын анықтап, өз пікірлерін сыныпқа ұсынады.

4. Болжау әдісі

Болжау әдісі шығарманы толық оқымай тұрып, оның мазмұны мен аяқталуын болжау арқылы қызығушылықты арттырады. Бұл әдіс оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін, мәтіннің мағынасын терең түсінуін, оқиғаға қатысты өз болжамдарын ұсынуды ынталандырады.

Мысал: Әдеби шығарма оқылатын кезде оның бастапқы бөлімдері оқылады, содан соң оқушыларға шығарманың жалғасын болжау тапсырмасы беріледі. Бұл әдіс оқушыларды мәтінді мұқият оқуға, оның ішіндегі ақпаратты мен символикаларын түсінуге мүмкіндік береді.

5. Дебат әдісі

Дебат — бұл пікірсайыс түрі, онда оқушылар өз пікірлерін дәлелдеп, қарсы пікірлерді тыңдайды. Бұл әдіс оқушылардың өз ойларын жүйелі түрде жеткізу, диалог жүргізу, мәселелерді талдау қабілеттерін дамытады. Әдеби шығармалар бойынша дебат ұйымдастыру шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын жетілдіреді.

Мысал: Оқушылар белгілі бір әдеби кейіпкердің іс-әрекетінің дұрыс немесе бұрыс екендігін талқылайды. Олардың пікірлерін дәлелдеп, қарсы жақтың дәлелдерін тыңдап, өз ойларын қорғауға тырысады.

6. Технологиялық әдістер мен интернет-ресурстарды пайдалану

Қазіргі ақпараттық технологиялардың дамуы сабақтың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Электронды оқулықтар, онлайн платформа, мультимедиялық құралдар мен ресурстарды пайдалану оқушылардың қызығушылығын арттырады, олардың білімін тереңдетеді.

Мысал: Қазақ әдебиетінің классиктері туралы мультимедиялық презентациялар көрсету, интернет арқылы автордың шығармалары туралы қосымша материалдар ұсыну. Бұл оқушыларға тақырыпты жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді.

7. Әдеби шығармаларға арналған шығармашылық тапсырмалар

Оқушыларға шығармашылық тапсырмалар беру олардың жазба және ауызша сөйлеу қабілеттерін дамытады. Олар эссе, шығарма, поэзия жазу арқылы өз ойларын еркін білдіруге үйренеді. Бұл әдіс оқушылардың тіл байлығын арттырып, әдеби шығармаларды терең ұғынуына көмектеседі.

Мысал: Оқушыларға белгілі бір әдеби шығарманың негізінде эссе немесе шығармашылық жұмыс жазу тапсырмасы беріледі. Олар шығарманы оқып, оның мазмұны мен идеясы туралы өз пікірлерін білдіреді.

Қорытынды

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы тиімді әдістер оқушылардың тілдік және әдеби мәдениетін қалыптастыруға, олардың шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл әдістер оқушыларды жан-жақты дамытуға, оларды өз ойларын жүйелі түрде жеткізуге, әдеби шығармаларды терең талдай білуге үйретеді. Мұғалімнің сабақты қызықты және мазмұнды етіп ұйымдастыруы, әр оқушының қызығушылығын оята отырып, оқыту процесін нәтижелі етуі қажет.

Бақытжан Самал

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Алматы облысы білім басқармасының Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Әл-Фараби атындағы орта мектеп» КММ



ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫН ҚЫЗЫҚТЫ ЖӘНЕ САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ ЖОЛДАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Кіріспе

Қазіргі заманда білім беру саласында инновациялық әдістер мен технологияларды кеңінен пайдалану қажеттілігі айқын байқалуда. Бұл болашақ ұрпақтың саналы әрі терең білім алуына жағдай жасап, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға зор ықпал етеді. Қазақ тілін оқытуда да дәстүрлі әдістермен қатар жаңа тәсілдерді қолдану маңызды. Себебі, қызықты әрі сапалы білім берудің негізгі мақсаты — оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, тілдік құзыретін кешенді деңгейде қалыптастыру болып табылады.

Қызықты сабақтардың мәні мен маңызы

Қызықты сабақтар оқушының пәнге деген ынтасын арттырып, білім сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда оқушылардың көптеген пәндерге деген қызығушылығы төмендеп кеткені байқалады. Сондықтан қазақ тілін оқытуда сабақ процесін қызықты әрі әсерлі ету — аса маңызды міндет. Қызықты сабақтар арқылы оқушылардың оқу белсенділігін арттырып, олардың тілдік дағдыларын тиімді қалыптастыруға болады.

Қызықты сабақтардың негізі – оқушыларды белсенді қатыстыру, ойын әдістерін қолдану, түрлі шығармашылық тапсырмаларды ұйымдастыру. Мысалы, қазақ тілінде ертеңгіліктер, сценка қою, әңгіме, өлең оқу, ойын түріндегі тапсырмалар оқушылардың ынтасын оятады. Сонымен қатар, мультимедиалық құндылықтарды пайдалану — сабақты қызықты әрі әсерлі етеді. Әр түрлі видео, слайдтар, интернет ресурстарын қолдану арқылы сабақта әңгіме мазмұнын толыққанды жеткізуге мүмкіндік бар.

Сапалы білім беру жолдарының тиімділігі

Қазақ тілін жоғары деңгейде оқыту үшін сапалы тәсілдерді қолдану қажет. Бұл — оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын енгізу, оқушылардың шығармашылық және пікірталас қабілеттерін дамыту, жүйелі әрі мағыналы білім беруді ұйымдастыру. Қасірибелік сабақтар, тренингтер, сұхбаттар, жобалық жұмыстар — пән мазмұнын саналы меңгеруге қолайлы тәсілдер.

Мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен инновациялық тұрғыда жұмыс істеуі — негізгі факторлардың бірі. Мұғалім өз пәніне жоғары көз-қараспен қарай отырып, оқушыға сенім артып, оны ынталандыруы тиіс. Сондай-ақ, әр оқушының ерекшелігін ескере отырып, жеке оқыту әдістерін қолдану маңызды.

Өмірмен тығыз байланысты сабақтар ұйымдастыру арқылы оқушылардың практикалық дағдылары дамиды. Мысалы, қазақ тілінде ойын-сауық, туризм, сән салалары арқылы тақырыптарды қайталау. Сонымен қатар, электронды оқулықтар, интерактивті экрандар мен мобильді қосымшалар қолдану құрылымды меңгеруге көмектеседі.

Жарқын әрі әсерлі сабақтарды ұйымдастыру шаралары

Оқушылардың назарын аудару үшін сабақта түрлі қызықты әдіс-тәсілдерді қолдану қажет. Мысалы, ойындар, викториналар, көрмелер, пікір-сайыс, тобқа бөлінген тапсырмалар арқылы сабақ әсерлі өтеді. Бұл әдістер оқушылардың коммуникативтік қабілетін дамытуға және тілдік қорының кеңеюіне ықпал етеді.

Әдістемелік жаттығулар мен тапсырмалар — сабақтың сапасын арттыратын маңызды элемент. Мысалы, жұмбақтар, әзіл-оспақ, мақал-мәтелдерді қолдану, сұрақ-жауап, мультимедиалық презентациялар — сабақ мазмұнын қызықты әрі үнемі жаңартуға көмектеседі.

Оқытудың инновациялық әдістерін қолдану

1. *Ойын технологиялары:* Ойындар арқылы оқушылардың қызығушылығын оятып, оқытудың тиімділігін арттыруға болады. Мысалы, сөз байлықты дамыту үшін лото, викторина, суретке сипаттама беру ойындары қолданылады.

2. *Интерактивті әдістер:* Электронды көздер мен планшеттерді пайдалану, қашықтан оқыту платформалары — сабақтарды қызықты етеді әрі меңгеруді жеңілдетеді.

3. *Жобалық оқыту:* Оқушыларды зерттеу, баяндау, шығармашылық тапсырмалар арқылы бір тақырыпты жан-жақты меңгеруге ынталандырамыз.

4. *Топтық жұмыс:* Ұжымда жұмыс істеу арқылы оқушылардың коммуникативтік дағдылары өркендейді әрі бір-біріне көмектеседі.

Қорытынды

Қазақ тілін оқытуда сабақтарды қызықты әрі сапалы ету — білім берудің маңызды мәселелерінің бірі. Бұл мақсатқа жету үшін мұғалімнің кәсіби шеберлігі, жаңа әдістер мен технологияларды меңгеруі, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту маңызды. Әрине, қызықты сабақтар білім сапасын арттырып, жас буынның тілді меңгеруіне оң әсер етеді. Сондықтан да, ғылым мен тәжірибені ұштастыра отырып, заманауи әдістемелерді қолдану арқылы қазақ тілін оқыту үдерісін жетілдіру қажет. Болашақта еліміздің рухани байлығына айналған ана тілімізді меңгеру — жастарға жоғары мәдениетті, білімді, өрелі ұрпақ тәрбиелеудің негізі болмақ.

Атекеева Ботагоз Кудайбергеновна

Биология пәнінің мұғалімі

«Алматы облысы білім басқармасының Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Әл-Фараби атындағы орта мектеп» КММ



БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Қазіргі замандағы білім беру жүйесінің басты мақсаттарының бірі — әрбір оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту. Бұл сауаттылыққа тек оқу мен жазуды білу ғана емес, күнделікті өмірде алған білімді тиімді қолдана білу, мәселелерді шешу қабілеті кіреді. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы, ғылыми жетістіктер мен технологиялардың қарқынды дамуымен қатар функционалдық сауаттылықтың маңызы артып келеді. Биология пәні осы бағытта ерекше рөл атқарады, себебі ол оқушыларға табиғаттың заңдылықтарын түсінуге, экологиялық мәселелерді шешуге, денсаулықты қорғауға бағытталған білім береді.

Функционалдық сауаттылықтың мәні мен маңызы

Функционалдық сауаттылық дегеніміз — адамның білім мен дағдыларды өз өмірінде, әлеуметтік және кәсіби ортада тиімді пайдалану қабілеті. Ол ақпаратты талдай білу, оның маңызын түсіну, мәселелерді шешу, шешім қабылдау процесінде дұрыс бағыт таңдай білу сияқты құзыреттерді қамтиды. Бұл тұрғыда биология пәні оқушыларға тек табиғаттың ерекшеліктерін түсіндіріп қана қоймай, олардың экологиялық проблемаларға қатысты ойларын қалыптастырып, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға үйретеді.

Биология пәні адам, табиғат және қоғам арасындағы өзара байланысты түсінуге мүмкіндік береді. Бұл білім оқушыларды ғылыми зерттеу әдістерімен таныстырып, олардың талдау, салыстыру, сараптау және қорытынды жасау дағдыларын дамытады. Мысалы, биология пәні экология, медицина, генетика, молекулалық биология сияқты салалармен тығыз байланысты болғандықтан, оқушыларға тек биологиялық процестерді түсіндіріп қана қоймай, сол процестердің қоғам мен қоршаған ортаға әсерін сараптауға мүмкіндік береді.

Биология сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту әдістері

1. Тақырыптық жобалар мен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру: Биология сабақтарында оқушыларға түрлі тақырыптарға зерттеу жұмыстарын жүргізуді ұсыну олардың өз бетінше ойлау қабілеттерін дамытады. Мысалы, экологиялық мәселелер бойынша жобалар жасау, өз аймағында өсетін өсімдіктер мен жануарлар туралы зерттеулер жүргізу. Бұл оқушыларды мәселелерді шешуге, ақпаратты жинақтап, оны талдауға үйретеді. Сонымен қатар, оқушылар өз зерттеулерінің нәтижелерін ұсыну арқылы өз пікірлерін дәлелдей алады.

2. Мәтінмен жұмыс жасау: Биология пәнінде оқушылар ғылыми мәтіндермен, ғылыми мақалалармен жұмыс істейді. Бұл мәтіндерді оқып, талдау, негізгі ойды бөліп шығару, өз көзқарасын білдіру қабілеттері дамиды. Мысалы, "генетикадағы жаңалықтар" немесе "экологиялық апаттардың адам өміріне әсері" сияқты тақырыптарды оқып, оқушылар өз пікірлерін айтуға, қорытынды жасауға мүмкіндік алады.

3. Практикалық тапсырмалар мен эксперименттер: Биология сабағында теориялық біліммен қатар практикалық дағдыларды меңгеру өте маңызды. Оқушыларға түрлі тәжірибелер мен тәжірибелік тапсырмаларды орындау арқылы олар табиғаттағы құбылыстарды тікелей көріп, өз бетінше бақылау жүргізеді. Мысалы, өсімдіктердің фотосинтез процесін тәжірибе арқылы көрсету, жануарлардың тіршілігін бақылау немесе адам ағзасындағы физиологиялық процестерді зерттеу тапсырмалары оқушылардың ғылыми зерттеулерге қызығушылығын арттырып, оларды ойлай білуге, нәтижелерге негізделген шешімдер қабылдауға үйретеді.

4. Шығармашылық тапсырмалар: Оқушыларға биология тақырыптары бойынша шығармашылық жұмыстар (эссе жазу, презентация жасау, видео роликтер түсіру) тапсырмаларын беру олардың зерттеу қабілеттерін дамытады, сонымен қатар алған білімдерін шығармашылықпен көрсетуге мүмкіндік береді. Мысалы, экология мәселелері, биотехнологияның болашағы туралы эссе жазу немесе адамның денсаулығына әсер ететін экологиялық факторларды зерттеу оларды жүйелі түрде ойлауға үйретеді.

5. Кейс-стади әдісі: Кейс-стади әдісі оқушыларды нақты жағдайларға байланысты шешім қабылдауға үйретеді. Мысалы, экологиялық апаттар, аурулардың таралуы немесе табиғат қорғау мәселелері бойынша нақты жағдайларды талдау арқылы оқушылар мәселені зерттеп, оны шешудің жолдарын табады. Бұл әдіс олардың аналитикалық ойлауын дамытады және нақты өмірде туындайтын мәселелерге қатысты шешімдер ұсынуға үйретеді.

6. Топтық жұмыс: Оқушыларды топтарға бөліп, әр топқа әртүрлі тапсырмалар беру олардың бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын жетілдіреді. Топтық жұмыс барысында әр оқушы өз ойын бөлісіп, ортақ шешімге келеді. Бұл әдіс оқушылардың пікірталасқа қатысуына, өз пікірін дәлелдеуге, ақпаратты бөлісуге мүмкіндік береді. Мысалы, экологияны қорғау туралы пікірталас ұйымдастыру, адамның табиғатқа әсерін талдау секілді тапсырмалар арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығы артады.

Биология сабағында функционалдық сауаттылықты дамытуда мұғалімнің рөлі

Биология сабағында функционалдық сауаттылықты дамытуда мұғалімнің рөлі өте маңызды. Мұғалім оқушыларды тек теориялық біліммен қамтамасыз етіп қана қоймай, оларды сын тұрғысынан ойлауға, зерттеуге және тәжірибе жасауды үйретуі керек. Мұғалімнің шығармашылық көзқарасы мен жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануы, сабақтың интерактивті, қызықты және танымды болуына әсер етеді. Сонымен қатар, мұғалім оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге, дербес зерттеу жүргізуге ынталандыруы қажет.

Қорытынды

Биология пәні функционалдық сауаттылықты дамытуға ерекше үлес қосады, себебі ол тек теориялық біліммен ғана шектелмей, ғылыми ойлауды, практикалық дағдыларды және сыни ойлау қабілеттерін қалыптастырады. Биология сабақтарында түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың табиғатқа, денсаулыққа, экологияға қатысты білімдерін тереңдетуге болады. Бұл өз кезегінде оларды өмірде кездесетін түрлі мәселелерді шешуге, өз ойларын дәлелдеп, нәтижелі шешімдер қабылдауға дайындайды.

Тюпеева Арайлым Рахымжановна

Мектепалды даярлық сыныбының жетекшісі
«Алматы облысы білім басқармасының Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің "Ж. Каипов атындағы орта мектеп" КММ



САН ЖӘНЕ САНАУ. АНАМА КӨМЕКТЕСЕМІН. ФИГУРАЛАР ТІЗБЕГІ. ТІЗБЕК ЖӘНЕ ЗАҢДЫЛЫҚ

| | | | | |
|---|---|--|--|---|
| Бөлімі: «Менің айна- ламда кімдер бар?» | Мектеп: "Ж. Каипов атындағы орта мектеп" КММ | | | |
| Тақырыбы: | Сан және санау. Анама көмектесемін. Фигуралар тізбегі. Тізбек және заңдылық | | | |
| Күні: | Педагогтің аты-жөні: Тюпеева Арайлым Рахымжановна | | | |
| Сынып: МАД топ 0 «А» | Қатысушылар саны: | | Қатыспағандар: | |
| Оқыту мақсаттары | 0.2.3.2.1-ден 20-ға дейінгі сандардың реттік қатарында қалып қойған санды атау. 0.2.3.4. Заңдылықты талдап, қатені мұғалімнің көмегімен табу. | | | |
| Сабақтың мақсаты | 1-ден 20-ға дейінгі сандардың реттік қатарында қалып қойған сандарды атайды және көрсетеді. Фигуралар тізбегін бояйды, көрсетілген белгісі бойынша атайды, өз ойын дәлелдейді, жалғастырып салады, олардың белгілі бір заңдылықтарын мұғалімнің көмегімен талдайды. | | | |
| Сабақтың барысы | | | | |
| Сабақтың кезеңі, уақыты | Мұғалімнің әрекеті | Баланың әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Басталуы 0–5 минут | Ынталандыру. Педагог балаларға ән айтқызады. | «Қайырлы таң» әнді үш тілде орындайды. Бір-біріне сәттілік тілейді. | ҚБ: Жарайсың-дар | «Біз күлім- деп ән шыр-қаймыз!» үш тілдегі әндер жина-ғы. CD диск |
| | Сабаққа дайындау. Балалардан «Аналарыңа қалай көмектесесіңдер?» деп сұрайды. | Сұраққа ауыз-ша жауап береді. | ҚБ: Жауап бер-гендеріне рақмет. | Балалардың ауызекі сөйлеуі |
| Ортасы 20 минут | Бұрын үйренгенді бекіту. Мұғалім тақтаға 11-ден 20-ға дейінгі сандардың тізбегін іледі. | 1-қатар: 11, 13, 15, 17, 19; 2-қатар: 12, 14, 16, 18, 20 сандардың реттік қатарында қалып қойған сандарды атайды және көрсетеді. | ҚБ: Шапалақтау | Қима сандар |
| | Жаңаны түсіндіру. «Пішіндер» ұғымымен таныстырады. Олардың белгілі бір заңдылықтары барын түсіндіреді. | Қандай пішіндер білетіндерін айтады. | ҚБ: бас бармақ | АКТ «Пішіндер» бейнежазба және тақтаға ілінген әртүрлі пішіндер |

| | | | | |
|---|--|---|----------------------------------|---|
| | <p>Әліппе-дәптермен жұмыс. 1-тапсырма. Печеньені тәрелкеге көрсетілген белгісі бйынша салуды түсіндіреді.</p> | Пішіні, түсі, көлемі бойынша сызықпен қосады. Пішіндерді орналастыру ретіне қарап, жалғасты рып салады. | <p>ҚБ: Ура, ура, ура.</p> | Әліппе-дәптер |
| | <p>2-тапсырма. Орындалу ретін түсіндіреді.</p> | Фигуралар тіз- бегін мұғалім- нің көмегімен жалғастырып, белгілі бір заң- дылықпен бояйды | <p>ҚБ: Керемет!</p> | Әліппе-дәптер |
| | <p>Сергіту сәтін ұйымдастыра- ды.</p> | «Бір, екі, үш» әнді үш тілде орындайды. | <p>ҚБ: Тамаша!</p> | «Біз күлім- деп ән шыр- қаймыз!» үш тілдегі әндер жина- ғы. CD диск |
| | <p>3-тапсырма. «Неге солай?» сұраққа жауап алады.</p> | Әр қатардағы артық затты тауып, қоршап сызады. Неге солай екенін талдайды. | <p>ҚБ: Тауып айттың!</p> | Әліппе-дәптер |
| <p>Қорытынды бөлім 5 минут</p> | <p>Рефлексия. Педагог қорытынды жасап, ба- лаларды мадақтайды. Сабақта- ғы өз жұмысын педагог түсін- діреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға бо- лады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болатынын түсіндіреді. Ерекше белсенді- лік танытып, тапсырмаларды бұрын орындағандарды мақтайды.</p> | Смайликтерге тиісті сызықты қояды. | <p>ҚБ: Смайликтер</p> | Әліппе-дәптер |

Жансабиева Улболсын Қадырбаевна
 Мектепалды даярлық сынып мұғалімі, педагог-модератор
 “№8 орта мектеп” МКМ
 Алматы облысы, Іле ауданы, Ақши ауылы



МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЗУ МАШЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Бұл мақалада мектепалды даярлық кезеңіндегі сауат ашудың, әсіресе көркем жазу дағдыларын қалыптастырудың маңыздылығы қарастырылады. Сауат ашу жұмыстары тек оқып-жазуды үйретіп қана қоймай, балалардың ұқыптылық, дәлдік, әсемдікке деген ынтасын тәрбиелейді. Жазу барысында баланың қол моторикасын дамыту, көзбен көру, кеңістікті бағдарлау, зейін мен есте сақтау секілді психологиялық-педагогикалық қабілеттері дамиды. Мектепке дейінгі кезеңдегі графикалық және жазу жаттығулары арқылы балалар болашақта әдемі, сауатты, мәнерлі жазуға машықтанады. Бұл баланың жалпы ой-өрісі мен логикалық қабілетінің артуына тікелей әсер етеді. Автор сауат ашу үдерісінде көркем жазуға үйретудің кезеңдері мен әдістеріне терең тоқталады және мұғалім мен ата-ана арасындағы тығыз байланыстың маңыздылығын атап өтеді.

***Түйінді сөздер:** сауат ашу, көркем жазу, мектепалды даярлық, жазу дағдылары, графикалық жаттығулар, каллиграфия, ұқыптылық, психомоторлық даму, жазуға үйрету әдістері*

Мектептегі оқыту үрдісі сауат ашудан басталатыны белгілі. Сауат ашу жұмысының негізгі мақсаты- балаға хат таныту, яғни оған жазу мен оқуды үйрету. Сауат ашу - аса жауапты да, күрделі жұмыс. Өткені сауат ашу кезеңінде оқушылар дыбысты әріппен таңбалай білуге (фонетика - графикалық жазуға) үйретіліп қоймайды, сонымен бірге каллиграфиялық талапқа сай жазуға дағдылануы тиіс. Демек, сауат ашудың міндеті әріпті жаза білуге үйрету емес, оның әрбір элементін дұрыс сақтауға, дәптерге қалай болса солай жазбай, оңға қарай, біркелкі көлбе, таза, анық жазуға машықтандыру міндеті тұр. Осы талаптарды орындау негізінде оқушының көркем жазу дағдысы (каллиграфия) қалыптасады.

5-7 жастағы балаларды мектепте оқуға дайындау қазіргі педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл соңғы жылдары бұқаралық мектептің тәжірибесінде белгілі бір тенденция байқалғандығымен түсіндіріледі - ол 1-сынып бағдарламасының тұрақты күрделенуі, жалпы білім беретін мектептің практикасына оқытудың баламалы нысандарын және болашақ бірінші сынып оқушысына жоғары талаптар қоюға мәжбүр ететін жаңа педагогикалық технологияларды енгізу. Дұрыс және әдемі жазу үшін баланың қолын мектепке дейінгі жаста жаттықтыру керек. "Қол машығы – сыртқа шыққан ми қызметі", - деді Кант бейнелі түрде. Саналы немесе бейсаналық барлық психологиялық процестер біздің қолымыздың күйінде, ым-ишарада, саусақтардың қозғалысында көрінеді. Балалар миы мен

психикасының қызметін зерттеген ғалымдар қол функциясының үлкен ынталандырушы маңыздылығын атап өтті. Балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейі саусақтардың жұқа қимылдарының қалыптасу дәрежесіне тікелей байланысты екендігі анықталды. Егер саусақтардың қозғалысы артта қалса, сөйлеу дамуы да кешіктіріледі. Балаларының алғашқы суреттеріне мейірімділікпен және байсалдылықпен қарайтын ересектер мұны дұрыс жасайды, бұл олардың дамуы үшін қаншалықты маңызды екенін түсінеді. Графикалық фигураларды салу - бұл баланың қолындағы кішкентай бұлшықеттерді дамытудың тамаша тәсілі, қызықты іс-әрекет, оның нәтижелері әдемі жазу мен логикалық ойлау қабілетіне әсер етеді. Сонымен қатар, сурет салу, көлеңкелеу, бояу кезінде балалар рахат пен қуанышты сезінеді, бұл баланың эмоционалды жағдайына әсер етеді. Мұндай жаттығуларды жиі орындаған кезде бала қарындаш пен қаламды жақсы меңгере бастайды, ол тұрақты, шоғырланған зейінге ие болады, еңбекқорлық пен табандылыққа тәрбиеленеді. Жұмыс барысында зейін, көз, визуалды есте сақтау, дәлдік, қиял, бейнелі ойлау қалыптасады. Тапсырманың нәтижелері мен сапасын талқылаған жөн. Бұл баланы өзін-өзі бағалауға және өзін-өзі бақылауға үйретеді, бұл оқу іс-әрекетінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және мектепте пайдалы болады. Диктант тапсырмаларын ауызша және визуалды қабылдауға немесе визуалды үлгіге немесе ауызша қабылдауға сүйене отырып беруге болады.

Әдемі жазу - өнер. Таза, анық, әдемі жазуды оқуда жеңіл, ондай жазумен берілген ойды түсіну де оңай. Әріп таңбаларын әдемі, көркем етіп салуға жаттықтыру мақсатында жүргізілетін жұмыстардың оқушы бойында жақсы қасиеттердің қалыптасуына ықпалы бар. Мектепке алғаш келгеннен бастап, баланың жазуына жете көңіл бөлмеу көп жағдайда оның өз ісіне салдыр салақ қарауына, жауапкершілікті сезінбегуге әкеп соғады. Таза, әдемі жазуды талап ету оқушының әсемдік сезімін оятып, мінез құлқын тәрбиелеп, жауапкершілікке тыңғылықтылыққа, ұқыптылыққа үйретеді. Әдемі, анық жазуға үйрету арқылы мұғалім оқушыны еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелейді.

Жазу кезінде баланың мектеп алдында меңгеруі маңызды қозғалыстардың негізгі түрлері:

- Белгілі бір нүктеде қозғалысты бастау және қолды белгілі бір бағытта жүргізу;
- Қолдың әртүрлі бағытта қозғалатынын ажырату, түсіну, сезіну;
- Қозғалыстың дұрыс бағытына және графикалық кескіндердің бірдей мөлшеріне назар аудару.
- Балаға аталған дағдыларды игеруге тапсырмалар бермес бұрын, онымен жаттығудың барлық кезеңдерімен сөйлесу керек.
- Бағыт, қолдың сезінетін сезімдері туралы айту маңызды.

Жазу кезінде қалай отыру керек? Орындық алдыңғы оң аяғы үстелдің шетіне сәйкес келетін етіп, сол жағы үстел сызығынан 7-10 см қашықтықта орналасқан. Сол қолды балаға арналған орындықтың орналасуы айна симметриялы. Жарық солға, сол қолды баланың оң жағына түседі.

Мектепалды даярлық сынып оқушыларын жазуға жаттықтыру тәсілдері:

- Штрихтау. Балаларға қарындашты дұрыс ұстауға үйрету, берілген сызбалар арқылы бейнелерді қосуға жаттықтыру, жұмысты аяғына дейін жеткізуге талаптандыру, белсенділікке, ұқыптылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.
- Сызықтар. Қолдарын үзбей тура, көлбеу, қисық сызықтарды сызуға үйрету. Геометриялық фигураларды бейнелеу арқылы танымдық белсенділігін арттыру. Тазалыққа, ептілікке тәрбиелеу.
- Нүкте. Тапсырмалардағы нүктелерді қосу арқылы балалардың қолдарын жазуға жаттықтыру, кеңістікті бағдарлауды дамыту, өз жұмысын бағалауға үйрету, шыдамдылыққа баулу.

- Бастырып үйренеміз. Суреттегі бейнелерді қолдарын үзбей бастыруға үйрету, бастаған істі аяқтай білуге қалыптастыру, түстерді айырып, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға баулу.

- Бояуға үйретеміз. Сандарды санау арқылы түстерді ажыратып, суреттерді бояуға үйрету. Ойлау қабілеттерін арттырып, эстетикалық талғамын қалыптастыру. Шыдамдылыққа, әсемділікке тәрбиелеу.

- Көркем жазу ұқыптылыққа, тыңғылықтылыққа, еңбексүйгіштікке баулиды.

Қорытындылай келсек, көркем жазудың негізі мектеп алды даярлық сыныпты қалыптасады. Даярлық сыныпқа арналған сауат ашу бағдарламасында әдемі жазуға қойылатын негізгі талаптар белгіленген. Көркем жазуды бастаудан бұрын сыныппен біршама даярлық жұмыстары жаза білу икемділігін меңгеруге еректі дәстүрлі ережелерді үйреткен абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әбілқасымова А.Е. Сауат ашу әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 2020.
2. Құлмағамбетова Б.Б. Көркем жазуға үйретудің әдістері. – Алматы: Дарын, 2019.
3. Сатыбалдиева Г. Мектепке дейінгі балалардың жазу дағдыларын дамыту жолдары. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2023.
4. Төлебаева Г. Графикалық жаттығулар мен көркем жазу негіздері. – Шымкент: Орда, 2021.

¹Айтуганов Бауыржан Серикұлы, ²Болатбек Айсұлу Болатбекқызы

География пәнінің мұғалімдері

¹Астана қаласы әкімдігінің

«Қайым Мұхамедханов атындағы №90 гимназия» ШЖҚ МКК

«ГЕОЭКОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ: ТҰРАҚТЫ ДАМУ МЕН БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ РӨЛІ»

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық прогресс пен қоғам дамуы табиғатқа үлкен ықпал етуде. Адамның шаруашылық әрекеттері қоршаған ортаға бұрын-соңды болмаған деңгейде өзгерістер әкелді. Осындай жағдайда геоэкология ғылымының рөлі арта түсті. Геоэкология – география мен экология ғылымдарының түйіскен саласы ретінде табиғи ортаның өзгерістерін, географиялық кеңістіктегі антропогендік ықпалдарды және олардың салдарын кешенді зерттейді. Геоэкология қоршаған ортаның жекелеген кешендерін, олардың өзара байланысын қарастырады. Ол атмосфералық процестерді, гидросферадағы өзгерістерді, топырақ жамылғысының бұзылуын, биосферадағы тепе-теңдіктің сақталуын және антропогендік факторлардың әсерін біртұтас жүйе ретінде зерттейді.

«Геоэкология» атты авторлық бағдарлама жалпы білім беретін мектептердің 7-сынып оқушыларына арналған. Бағдарламаның негізгі мақсаты – оқушылардың табиғат пен қоғам арасындағы өзара байланыстарды түсінуіне, экологиялық білімін тереңдетуіне және табиғатты қорғауға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыруына ықпал ету. Бағдарлама мазмұны 34 сағатқа жоспарланған. Бағдарламада геоэкология ғылымының мақсаты мен міндеттері, экологиялық факторлар, табиғи ортаның негізгі компоненттері – литосфера, гидросфера, атмосфера және биосфераның геоэкологиялық жағдайы қарастырылады. Сонымен қатар антропогендік әрекеттердің табиғи ортаға тигізетін әсерлері: өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік және энергетика салаларының қоршаған ортаға ықпалы талданады.

Оқыту барысында заманауи педагогикалық технологиялар, картографиялық материалдар, геоақпараттық жүйелер (ГАЖ), интерактивті әдістер қолданылады. Оқушылар

тәжірибелік тапсырмалар орындап, жобалық жұмыстар әзірлеу арқылы экологиялық мониторинг пен табиғатты қорғаудың тиімді тәсілдерін меңгереді. Бұл олардың зерттеушілік қабілеттерін, сыни ойлауын дамыта отырып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, оқушылардың экологиялық білімін дамыту үшін арнайы экологиялық тазалық шаралар жүзеге асырылады. Мысалы, жергілікті жерді қоқыстардан тазалау, мектеп ауласына ағаш отырғызу, сыныптағы гүлдерді суару.

Бағдарламаның басты ерекшелігі – теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру. Оқушылар табиғи ортаның өзгерістерін талдау, экологиялық проблемалардың себеп-салдарын анықтау және оларды шешу жолдарын іздеу арқылы туған жер табиғатына ұқыпты қарауға тәрбиеленеді. Геоэкология ғылымы тек табиғаттану саласында ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан да маңызды. Табиғи ресурстарды пайдалану, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық өндірісі, көлік пен энергетика салалары қоршаған ортаға ықпал етеді. Осыған орай геоэкологиялық зерттеулер экономикалық дамуды табиғи тепе-теңдікті бұзбай жүргізуге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда әлем алдында тұрған негізгі жаһандық мәселелер – климаттың өзгеруі, биологиялық әртүрліліктің азаюы, табиғи ресурстардың сарқылуы мен қоршаған ортаның ластануы. Бұл мәселелерді шешуде геоэкология ғылымының әдіснамалық және қолданбалы маңызы зор.

Геоэкологияны білім беру жүйесінде оқыту жас ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың маңызды тетігі болып табылады. Мектеп пен жоғары оқу орындарында бұл пәнді меңгеру оқушылар мен студенттердің табиғат пен қоғам арасындағы байланыстарды дұрыс түсінуіне ықпал етеді.

Геоэкологияны оқыту барысында мынадай нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- табиғат құбылыстарын кешенді талдауға үйрену;
- экологиялық проблемаларды бағалау және шешу жолдарын іздестіру;
- географиялық карталар, диаграммалар, геоақпараттық жүйелерді қолдана білу;
- зерттеу және жобалау жұмыстарын орындау арқылы сыни ойлау қабілеттерін дамыту.

Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, климаттық өзгерістерге бейімделу, экожүйелердің тепе-теңдігін сақтау – тек ғылыми зерттеулердің ғана емес, әрбір мемлекеттің тұрақты даму саясатының маңызды бөлігі. Осы тұрғыдан алғанда геоэкологияның қоғамдағы рөлі стратегиялық деңгейге көтерілді деуге болады. Білім беру жүйесінде геоэкологияны тереңдетіп оқыту – экологиялық сауаттылықты арттырудың, жас ұрпаққа табиғатқа жауапкершілікпен қарауды үйретудің тиімді құралы. Оқушыларды ғылыми-зерттеушілік жұмысқа тарту, тәжірибелік тапсырмалар арқылы табиғат құбылыстарын талдату – олардың сыни ойлау қабілетін дамытып, экологиялық мәдениетінің қалыптасуына ықпал етеді. Демек, геоэкология – тек ғылыми бағыт ғана емес, ол экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің, табиғат пен қоғам арасындағы үйлесімді байланысты сақтаудың, тұрақты даму ұстанымдарын жүзеге асырудың басты тетігі. Бұл ғылымды білім беру жүйесінде жүйелі түрде дамыту – болашақ ұрпақтың экологиялық санасын қалыптастырудың, табиғатқа жанашыр көзқарасын орнықтырудың негізі болып табылады.

Қорытындылай келе, «Геоэкология» авторлық бағдарламасы қазіргі білім беру жүйесіндегі экологиялық білім мен тәрбиенің өзекті бағытын айқындайды. Ол оқушылардың табиғатты қорғауға деген жауапкершілігін арттырумен қатар, тұрақты даму идеяларын саналы түрде қабылдауына мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мұқашев Б. *Экология негіздері*. – Алматы: Білім, 2019.
2. Тілеубергенова Г. *Геоэкология*. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021.
3. Әлжанова С. *Экологиялық мәдениет және тұрақты даму*. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2020.
4. Meadows D., Meadows D. *The Limits to Growth*. – New York: Universe Books, 1972.
5. UNESCO. *Education for Sustainable Development Goals*. – Paris, 2017.

Рысбаева Рано Мырзалиевна

Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі, педагог-зерттеуші
“Қазақстан” жалпы білім беретін мектебі
Түркістан облысы, Шардара ауданы, Алатау батыр ауылы

LESSON STUDY ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН МЕКТЕП ТӘЖІРИБЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне енгізілген білім мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдердің кәсіби дамуын қолдаудың тиімді тәсілі ретінде **Lesson Study** әдісінің маңыздылығы қарастырылады. Зерттеу барысында бұл технологияның оқушылардың білім сапасын арттыруда, ынтымақтастық пен кәсіби тәжірибе алмасуда, оқушылардың оқу үдерісіне деген қызығушылығын арттыруда тиімділігі айқындалды. Сабақтарды бірлесіп жоспарлау, өткізу, бақылау және талдау арқылы мұғалімдер педагогикалық шеберлігін шыңдай отырып, оқушылардың қажеттіліктеріне сай әдістемелерді қолдану мүмкіндігіне ие болды. Lesson Study арқылы оқу үдерісінде оқушылардың сыни ойлау, топпен жұмыс жасау, көшбасшылық және жауапкершілік дағдылары дами түсті. Зерттеу нәтижелері бұл тәсілдің мұғалім мен оқушы арасындағы тиімді кері байланыс орнатуға ықпал ететінін дәлелдеді.

Түйінді сөздер: Lesson Study, білім мазмұнын жаңарту, педагогикалық технология, сыни ойлау, кәсіби даму, ынтымақтастық, зерттеу сабағы, мұғалім тәжірибесі, оқыту стратегиясы

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде білім мазмұнын жаңарту бағдарламасының енгізілуімен үлкен өзгерістер болып жатыр. Мектепте басталған реформалардың табысты болуы көп жағдайда оның кәсіби дайындығына, ішкі сеніміне байланысты. ХХІ ғасырдағы білім беру жүйесі мұғалімдер арасындағы ынтымақтастықты арттыруды көздейді, оның аясында мұғалімдер бірлесіп жұмыс істей алады, жаңашыл және тиімді идеялармен алмаса алады, сол арқылы оқыту мен оқудағы практикалық тәсілдердің әсерін арттырады. Мұндай жағдайда мұғалім дәстүрлі білім берудің ескірген стереотиптерін бұзатын білікті практик, зерттеуші, бақылаушы болуы керек. Мұғалімдердің әрқайсысы «Балаларды қалай оқыту керек?», «Оқушыларды білім алуға қалай ынталандыру керек?», «Оқудағы қиындықтарды қалай жеңуге болады?» деген сұрақтарға жауап іздейді.

Осы мәселелік жағдаяттардың шешімі мектептегі оқыту тәжірибесінде Lesson Study әдісін қолдану болды.

Lesson Study – педагогикалық тәжірибе саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған педагогикалық технология, оның өзі сабақтағы іс-әрекетті зерттеудің ерекше объектісі болып табылады. Бұл педагогтар тобы бірлесіп жоспарлайтын, оқытатын, бақылайтын және талдаған кемінде үш деңгейді қамтитын цикл. Lesson Study көмегімен педагогтар өз зерттеулері мен оқуларын демократиялық жолмен жүргізе алады, білім сапасына әсер ете алады. Lesson Study технологиясы оқушылар мен мұғалімдердің қателіктерін көруге, одан қалай құтылуға болатынын түсінуге, білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Негізінде Lesson Study – мұғалімдерді оқытудағы және олардың оқыту мен оқу тәжірибесін дамытудағы бірлескен технология.

Lesson Study-дің ерекшелігі мынада:

- Біріншіден, сабақ-зерттеу – мұғалімдер ұжымы жүзеге асыратын ұзақ процесс;

• Екіншіден, ол оң динамикаға, сабақтарды өзгертуге және жақсартуға бағытталған практикалық және зерттеушілік сипатта. Белгілі бір сыныпта оқытудағы негізгі мәселе мәліметтерді жүйелі жинау және талдау арқылы шешіледі;

• Үшіншіден, бұл - топтық жұмыс, мұнда қызығушылық танытқан мұғалімдер тобы зерттеу сабағының үш циклі ішінде белгілі бір сыныпта оқытудағы өзекті мәселені шешу бойынша зерттеулер жүргізеді;

• Төртіншіден, іс-әрекеттегі зерттеудің үш циклі кезінде нақты рефлексия мен нақты нәтижелерді алу үшін талқылау мен талдау көзі қызметін атқаратын мәліметтерді жинауды жүйелеу мен талдауға ерекше көңіл бөлінеді;

• Бесіншіден, жинақталған жұмыс тәжірибесін жариялау және тарату мақсатында үш цикл бойынша сабақ-зерттеу жұмыстарының бүкіл процесі хаттамаға жазылады.

Lesson Study зерттеуі үшін мектебіміздің әкімшілігі 5 сыныптарын таңдады. Осы сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдер ұжымы құрылды. Топ мүшелері арасында рөлдер бөлінді: модератор, сабақты жүргізетін мұғалім, АВС деңгейлі білім алушылардың назарын бақылаушылар, хатшы және оператор.

Алдағы уақытта осы үш санаттағы оқушыларды оқыту мен дамытуға көңіл бөлінді.

Алдымен мектеп психологымен бір топ мұғалімдер құрастырған оқушылармен сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей:

- А деңгейіндегі оқушы сауалнамаға жауап бергенде оқуға деген ынтасы жоғары, тапсырманы орындауда сенімді және өзіне сенімді көшбасшы ретінде танылады;

- В деңгейлі оқушының оқуға деген қызығушылығы нақты белгіленген тапсырманы орындауда аздап қиындайды, көшбасшылық қабілеттерін арттыруды талап етеді;

- С деңгейіндегі оқушының оқуға деген қызығушылығы төмен, тапсырманы орындау кезінде басқалардың көмегіне жүгінеді.

Зерттеу Lesson Study тәсілі арқылы әртүрлі тақырыпта ұйымдастырылды. Әр мұғалім қатарынан 4 сабақ берді. Жұмысты бастамас бұрын фокус-топ отырысы өтті. Мұғалімдерге сабақ өткізу мақсаты қойылды. Сабақта топтық жұмыс, ауыспалы композиция жұбы, тұрақты композиция жұбы және жеке жұмыс болып 4 түрде жұмыс жасаймыз деп шештік. Сабақтың барлық формаларын салыстыра отырып, тиімдісін тандаймыз. Барлық сабақтарда мұғалімдер сыни тұрғыдан ойлау құралдарын пайдалана отырып оқытуды қарастыруы қажет. Топтық жұмыс формасында оқушылардың бір-бірімен қалай әрекеттесетінін, оқу процесіне барлығының қатысатынын, жұппен оқытуда бірігіп білім игеретінін, бір-біріне сұрақ қоюды, оларға жауап беруге және өзара тексеруге үйренетінін анықтау қажет. Мұндай жұмыс түрлері оқушылардың ашылуына, өзін-өзі танытуына көмектеседі.

Мұғалімдердің негізгі міндеті – сабақтың барлық кезеңдерінде белсенділікті, қызығушылықты, қозғалысты сақтау.

Дәл Lesson Study тәсілі білім алушылардың жаңа идеялар мен ақпаратты өз сөздерімен қаншалықты жеткізетінін ашады. Оқушылар өз контекстінде түсінгендерін өз сөздерімен айтып, жақсы есте сақтайды, сондай-ақ балалардың ой-өрісін кеңейтуге мүмкіндік беретін қызу пікір алмасулар орын алады.

Мұғалімнің міндеті:

- оқушылардың күш-жігерін белгілі бір бағытқа бағыттайды;

- өз бетінше шешім қабылдауға ынталандыратын жағдайлар жасайды;

- білім алушыларға өз бетінше қорытынды жасауға мүмкіндік береді;

- бар жағдайлардың ішінде жаңа когнитивті жағдаяттарды дайындайды.

Зерттелетін сынып оқушыларына сауалнама жүргізу және бақылаушылардың бірлескен талқылауы, Lesson Study әдісін қолдану нәтижелерін ұсыну мұғалімдерге сабақты қалай құру керектігін, оқушылардың белсенділігін арттыру үшін қандай әдіс-тәсілдер мен оқыту әдістерін қолдану керектігін көруге мүмкіндік береді.

Мысалы, зерттеу жүргізілетін сабақ барысында А деңгейлі оқушылар топпен жұмысты ұйымдастыруға тырысты, балаларға бағыт-бағдар беріп, көмектесті, сол арқылы өзінің көшбасшылық қасиеттерін дамытты.

В деңгейлі оқушылар өз бетімен, жеке жұмыс жасауды жөн көрді. Бұрын топпен жұмыс істеу дағдысы болмағандықтан, ол постерде практикалық жұмысты талқылауға белсене қатыса бастады, жұптағы досына көмектесті. Бұл оның әлеуметтік аспектідегі өсуін көрсетеді

Оқыту барысында С1 оқушыларын бақылай отырып, мұғалімге оқушылардың топтағы рөлін анықтауға ұсыныстар берілді, себебі топтың бір мүшесі ретінде барлығымен бірдей жауапкершілікке ие, бұл оның сабаққа тыңғылықты дайындалуына және сабақта белсенді жұмыс істеуіне көмектеседі. Уақыт спикері ретінде өз міндетін анық орындады.

Шығармашылық үй тапсырмасын бірлесе орындау С2 оқушысының өз бетімен ұқсас тапсырмаларды дайындауға деген құштарлығын оятты.

Мектебімізде оқыту мен оқу тәжірибесіне Lesson Study әдісін енгізу сәтті жүзеге асырылуда. Балалар сабаққа қуана келеді. Мұғалімдер мен оқушылардың іс-әрекетіне бағытталған мақсаттар зерттелетін сыныптағы мәліметтерді талдау және жинақтау негізінде өз нәтижесін көрсетіп, мәселелік тақырыпты шешуге ықпал етті.

Lesson Study технологиясының нысандары мен әдістерін тәжірибеге енгізу кезінде оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларының қалыптасу деңгейі келесі әрекеттерде атап өтілді:

- оқушылардың әртүрлі көзқарастары қалыптасты, өз пікірін толық қорғауға, сыныптастарының пікірлеріне сыни көзқараспен қарауға үйренді;

- оқушылар бір-бірін сыйлауға, ұсыныс жасауға, тыңдауға үйренді.

Эксперимент барысында оқушылардың оқу үдерісінде белсенділіктері мен пәнге қызығушылықтары артып, сыни тұрғыдан ойлау деңгейіндегі тапсырмаларды орындап, сұрақ қою арқылы орындап, бақылайтыны дәлелденді.

Қорытындылай келе, ғылыми-зерттеу сабақтарын өткізу ұстаздар ұжымын жұмылдырып, кәсіби шеберліктерін шыңдауға, тәжірибе алмасуға ықпал еткенін айтқым келеді. Біз сенімді қарым-қатынас орнаттық, нәтижеге барлығы жауапты болатын командада жұмыс істеуді үйрендік. Ең бастысы, балаларды жауапкершілікті сезіне отырып, бірлесе оқуға үйреттік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Dudley, P. *Lesson Study: Professional Learning for Our Time*. Routledge. 2014
2. Әбенбаев С. *Педагогикалық технологиялар және олардың тиімділігі*. Алматы: Рауан. 2020
3. Мұхамбетжанова С. *Білім берудегі зерттеу сабақтары: Lesson Study әдісі*. Нұр-Сұлтан: Ұлағат. 2021
4. «Білім берудегі инновациялар» журналы, №2, 2023 ж.
5. Халықаралық тәжірибе: *Lesson Study Network*. <https://lessonstudygroup.net>
6. Сәтімбекова А. *Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту әдістемесі*. – Шымкент: Орда. 2022

Аяганова Маншук Жаскайратовна
 Ағылшын тілі пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші
 Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебі
 Павлодар облысы, Павлодар қаласы



АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі білім беру жүйесінде, соның ішінде шет тілін оқытуда, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру мәселесі қарастырылады. Оқытудың мазмұнын жаңарту, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, өз бетінше жұмыс істеуге бағыттау арқылы оқушыны таным әрекетіне тартудың тиімді жолдары ұсынылады. Ағылшын тілі сабағында ойын, пікірталас, шығармашылық тапсырмалар, дәстүрлі емес сабақ формаларын қолдану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен коммуникативтік құзыреттілігі артады. Сонымен қатар, ынтымақтастық оқу, мозаикалық оқыту, рөлдік ойындар, жобалық және тапсырмалық оқыту сияқты заманауи әдіс-тәсілдер оқушы белсенділігін дамытудың негізгі құралдары ретінде ұсынылған. Мақалада сабақтағы танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру жолдары, тиімді әдістемелік тәсілдер мен оларды тәжірибеде қолдану үлгілері келтірілген.

***Түйінді сөздер:** танымдық белсенділік, ағылшын тілі, ынтымақтастық оқу, мозаикалық әдіс, дәстүрлі емес сабақ, шығармашылық тапсырма, оқыту технологиясы, ойын элементтері, коммуникативтік құзыреттілік.*

Қазіргі қоғамда көптеген ғалым профессорлар оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуда мына мәселелерді негізге алады: біріншісі – мазмұнның жаңартылуы, бұрын жария етілген фактілерді жаңаша сипаттау, хабарланып отырған материалға тарихи бағдар беру, ілімнің практикалық мәнін ашып көрсету және ғылымның соңғы жаңалықтарын, табыстарын жүйелі баяндау, екіншісі - өз бетінше істеудің әрқилы түрлеріне негізделген, проблемалық тұрғыдан қолға алған материалды зерттеуге және оқушының шығармашылық, практикалық жұмыстарына бағытталған оқыту тәсілдері, үшіншісі – оқушының қабілеттерін ұштау, мұғалімнің оқушыға көмек беруге дайын тұруға, олардың күш – мүмкіндіктеріне қолдау көрсету қабілеті, талап қоюшылығы мен адалдығы, балаларды көтермелей білу, сондай ақ оқушылардың өзара бәсекесіне көмек көрсете білу қасиеті. Оқушылардың танымдық белсенділігін ізденімпаздылығын арттыру үшін оқу үрдісі оларды қанағаттандыратындай ұйымдастырылуы қажет. Қазіргі сабақта мұғалім оқу процесіне әртүрлілік әкелетін, оқушылардың пәнге деген шынайы қызығушылығын тудыратын, олардың ағылшын тілі саласындағы білімдерін кеңейтетін, оқушыларды оны оқудың пайдасы туралы қорытындыға әкелетін және шет тілінде қарым-қатынасқа деген табиғи қажеттіліктің пайда болуына ықпал ететін оқытудың әртүрлі формаларын қолдана алады.

Танымдық іс – әрекетті қалыптастырудың негізгі жағдайлары:

- оқытудың мазмұны, ғылым мен техниканың соңғы табыстары, бұрыннан білетін мағлұматтың жаңа қырынан ашылуы;
- оқушылардың таным әрекетін ұйымдастыру формалары, құралдарын және әдістерін жетілдіру.

Бұған жататындар сабақта қолданылатын көрнекі құралдардың тиімділігін арттыру, танымдық ойындар ұйымдастыру, пәнаралық байланыстарды тудыру, оқушылардың өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру, білім тексеру мен бағалаудың алуан түрлерін ұтымды пайдалану арқылы оқытудағы кері байланысты жетілдіру.

- Мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы арасындағы қарым - қатынасты сыйластық ізеттілік түрінде орнатып, жүрек жылынуының болуын қамтамасыз ету. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділігін және қызығушылығын арттыру үшін мұғалім келесі әдіс - тәсілдерді қолдануына болады:

1. Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау.
2. Арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру.
3. Оқушылардың логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу (сөзжұмбақ, құрастырмалы ойындар).
4. Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс (кері есеп құрастыру, мәтін мазмұнын өңдеу, шығарма, шағын әңгіме мәтінін құру т. б.).
5. Әңгіменің ұқсастығын салыстыру бөліктерге бөлу, ат қойғызу.
6. Қиялдау арқылы сурет салғызу, рөлге бөліп оқыту.
7. Ұнатқан кейіпкерлерге мінездеме беру.
8. Мәтін, ертегі, әңгімені өз бетінше аяқтау.

Ағылшын тілі сабағында оқушылардың коммуникативтік күзиреттілігін дамытуда оқытудың сан алуан әдіс-тәсілдермен технологияларды қолдану сапалы, жаңашыл білім беруде үлкен рөл атқарады.

Ынтымақтастық оқу - бұл оқыту мен оқу тәсілі, аталған тәсіл проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау немесе әлдебір өнім жасау үшін оқушылар тобының бірлесіп жұмыс істеуін білдіреді. Ынтымақтастық оқу оқуды табиғи әлеуметтік әрекет ретінде қабылдауға негізделген, оған қатысушылар бір-бірімен әңгімелеседі, және осы әңгімелесу арқылы білім алады. Педагогикалық ынтымақтастық оқу тәсілдерінің саны жеткілікті, бірақ та бірлескен оқу үдерісінің негізгі сипаттамаларының бірі:

- Оқу оқушылардың әңгімелесу кезінде әлеуметтік ортасы жағдайында жетіледі. Осы зияткерлік жаттығу кезінде оқушылар ой- пайымдарының негізін құрап, мәнін ұғады.

- Оқудың ынтымақтастық ортасында оқушылар әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыдан да дами түседі, өйткені олар түрлі көзқарастарды тыңдап, өз идеяларын айтуға және қорғауға мәжбүр болады. Мұндайда оқушылар сарапшылардың немесе мәтін аясында шектеліп қалмай, өздерінің ерекше тұжырымдамалық түсініктерін құруды бастайды. Осылайша ынтымақтастық оқу жағдайында оқушылар құрбы құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауға, идеяларды ұсынуға және қорғауға, әртүрлі ұстанымдармен алмасуға, басқа тұжырымдамаларға күмәнмен қарауға және оған белсенді қатысуға мүмкіндік алады.

Бірлескен оқу- мозаикалық оқыту әдісі - бұл оқытуды құрылымдаудың, сондай-ақ жұмыс көлемін бөлудің пайдалы техникасы. Мозайка атауының мағынасында жатқандай, топтың әр мүшесінен жалпы тапсырманың нақты бір бөлігін оқып әрі орындау кезінде жауапты болуын талап етеді. Содан кейін топтың әр мүшесі жалпы тапсырманы аяқтау үшін бастапқы тобына қайта оралады.

Оқушылардың табысты танымдық белсенділігінің кепілі - ағылшын тілі сабақтарының дәстүрлі емес формалары болып табылады. Мұндай сабақтар ерекше, дәстүрлі емес жағдайда өтеді. Шет тілі сабағының дәстүрлі емес нысандары топтың / сыныптың барлық оқушыларының міндетті қатысуымен жүзеге асырылады, сондай-ақ есту және визуалды

көрнекілік құралдарын міндетті түрде қолдана отырып жүзеге асырылады. Сабақта оқушылар белгілі бір мөлшерде білім алып қана қоймай, зерттелетін тіл туралы түсінік қалыптастырады; Өдістемелік тұрғыдан тиімділігі жоғары:

- сабақ - спектакль - «St.Valentine's day», «Halloween»;
- сабақ-мереке - «St.Valentine's day», «Halloween»;
- бейне сабақ - «Aladdin»;
- сабақ-экскурсия - «In and around St. Petersburg», “My native place”
- сабақ - сұхбат - «At the travel agency»
- сабақ-ойын - Who will be the last?
- сабақ-пікірталас- Why is it interesting to live in our place?
- сабақ-саяхат - «Visiting London»;

Сондай – ақ «Қайда, қашан?», «Суретке қарап әңгіме құра», «Ойлан тап?», «Мәтін мазмұнына қарап сурет сал» т. б. ойындар балаларды ауызекі сөйлеуге төселдіріп, сөздік қорын молайтып, тілін дамытуға арналған. Мысалы: «Қайда, қашан?» ойынын сабақ барысында сұрақ - жауап әдісін қолдану арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға болады.

«Our house» ойыны. Топ өздері тұрғысы келетін үйдің сұлбасын сызады немесе суретін салады. Одан кейін осы үйді салу үшін материалдарды анықтап алады. Осылайша ойын өмірмен байланыста болып, оқушы құзыреттілігін дамытуға септігін тигізеді. Менің сабақ барысында пайдаланатын кейбір ойындардың үлгілері: «Milling» – «Сыңарыңды тап» жаттығуы. Бұл жаттығуды кезкелген пән сабағында қолдануға болады. Оқушылар екі топқа бөлінеді. «А» және «В» тобы. Өтілген тақырып бойынша бір топқа оқиғаның аты, ал екінші топқа – оқиғаның мән-жайы жазылған карточкалар беріледі. Олар сынып бөлмесінде еркін жүріп өз сыңарларын табу керек. « Сөйлемді аяқта...» . Бұл жаттығуды да кезкелген пән сабағында қолдануға болады. Оқушылар екі топқа бөлінеді. «А» және «В» тобы. Өткен тақырып бойынша бір топқа сөйлемнің басы, екінші топқа сөйлемнің аяқталуы беріледі, олар сынып бөлмесінде еркін жүріп өз сыңарларын табу керек.


Қорытындылай келе, жаңа стандарт оқу нәтижелеріне жаңа талаптар қойып, сабаққа жаңа көзқараспен қарауға, жаңа шығармашылық идеяларды енгізуге мүмкіндік берді деп айтқым келеді.

Ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың көптеген әдістері бар. Мұғалімнің шеберлігі балалардың жасына және қызығушылығына, зерттелетін материалға және оқушылардың белгілі бір дағдыларының қалыптасуына байланысты қажетті әдісті таңдау қабілетінен тұрады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қалиева С.Ж. Ағылшын тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан. 2020
2. Vygotsky, L.S. Mind in Society: The Development of Higher Psychological Processes. Harvard University Press. 1978
3. Johnson, D.W., & Johnson, R.T. An Educational Psychology Success Story: Social Interdependence Theory and Cooperative Learning. 2009
4. Мұхамбетжанова С. Оқу үдерісіндегі ынтымақтастық тәсілдері. – Астана: НЗМ. 2022
5. Махмутова М. Танымдық қызығушылықты дамыту жолдары. – Шымкент: Өрлеу. 2019
6. Құсайынова М. *Ағылшын тілін оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері.* – Тараз: Білім. 2023

Исибай Гүлзат Қуатқызы
 Көркем еңбек пәні мұғалімі
 Жұбан Молдағалиев атындағы негізгі мектебі
 Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Байтерек ауылы



КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНДА ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕКТЕРДІ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің, оның ішінде ою-өрнек мәдениетінің тарихи маңызы, эстетикалық құндылығы және ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі кеңінен қарастырылады. Халықтың рухани байлығы ретінде қалыптасқан ұлттық ою-өрнектердің көркемдік мазмұны, түрлік ерекшелігі және олардың халықтың тұрмыс-тіршілігімен сабақтастығы жан-жақты сипатталған. Сондай-ақ, сәндік-қолданбалы өнер арқылы оқушылардың технологиялық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары мен әдістемелік негіздері көрсетілген. Ою-өрнектердің зооморфтық, өсімдік тектес, геометриялық және космогониялық түрлері талданып, олардың қазақ халқының дүниетанымымен байланысы анықталады. Мақалада ұлттық мәдениетті жаңғырту және жас ұрпақты рухани-эстетикалық тәрбиелеу ісіндегі қолданбалы өнердің маңызына ерекше назар аударылған.

Түйінді сөздер: қолөнер, ою-өрнек, сәндік-қолданбалы өнер, технологиялық мәдениет, ұлттық мұра, зооморфтық өрнек, өсімдік өрнегі, геометриялық өрнек, космогониялық символика, көркемдік тәрбие.

Халықтық сәндік-қолданбалы өнер әлемдік көркем мәдениеттің негізі. Даналық пен әсемдіктің таусылмас қайнар көзі. Бұйымдардың бетіндегі әшекейлер ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа қалдырған мұрасы, негізінен бұйымдарды түрлі материалдарды пайдаланып өндеу тәжірибесі арқылы жасалады.

Қолөнер халықтың әлеуметтік салт-тұрмысында алатын орнының қаншалықты биік, жоғары екеніне сене алсақ – оның ішінде қолөнерді нақышына келтіріп, әдемілік, әсемдік дүниенің ауқымын кеңейткен зергерлік сәндік бұйымдар. Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнері арқылы оқушылардың технологиялық мәдениетін қалыптастырудың тиімді педагогикалық шарттарын іздестіру біздің зерттеу проблемамызды айқындауға негіз болды.

Жас мамандарды ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтардың, рухани мәдени мұралардың сабақтастығын сақтай отырып, ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеуге жан-жақты даярлау қажет. Бұл орайда мамандардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру, туған халқына құрмет, сүйіспеншілік, мақтанш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, тарихи мұраларды қастерлеуге тәрбиелеу, білім мен біліктерін шыңдау – басты міндет.

Бұл бағыттың жүзеге асуын ғалымдар қазіргі кезде технологиялық білім беру тұжырымдамасында мамандарды қоғамдық өндірістегі қайта құрылған іске даярлау, олардың танымында ұлттық қолөнердің әлемдік көріністерін қалыптастыру, ой-өрісі мен кәсіби-шығармашылық қабілеттерін жетілдіру, білім және еңбек қабілеттерінің бірнеше түріне қатысу үрдісінде мамандарды даярлауға жағдайлар жасау мақсаттары қойылып отыр.

Мұның бәрі жалпы кәсіби шеберлік және дизайнерлік білім беруде жоғары мазмұнды даярлықты талап етеді. Өнер түрлері сан-алуан. Әр өнердің адам санасына, сезіміне, ой-өрісіне ықпал жасайтын, эстетикалық дамуына, көркемдік талғамның қалыптасуына үлкен мүмкіндік беретін, өзіндік мәнерлі бейнелік тілі, жасалу құралдары бар.

Қазақ халқының көне дәуірден өшпес мұрасы болып, ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден балаға сабақтасып, өзіндік тарихымен, әдет-ғұрпымен, сәндік-көркемдік жолымен, көшпенді елімізді бүкіл әлемге өзінің ерекшелігімен таныта білген – қазақтың қолөнері.

Қазақтың ұлттық ою-өрнегі қазақ жерін мекендеген көшпелі тайпалар өнері әсерімен ғасырлар бойы қалыптасып, белгілі бір жүйеге келген ою-өрнек түрлері [1].

Қазақтың алғашқы ою-өрнек үлгілері Андронов мәдениеті мен байырғы сақ, гүл, үйсін өнері мұраларынан геометриялық, зооморфтық (жан-жануарлардың табиғи және фантастикалық бейнерлері), көгеріс өрнек пен қиял-ғажайып ою-өрнектер (аспанның, жердің символы) ретінде кездеседі.

Олар негізінен малгершілік, саятшылық, әдет-ғұрып, үй іші жабдықтары мен сән-салтанат бұйымдарын, батырлық қару-құралдарын әсемдеуге қолданылған. Тартымды жасалып, биязы көркемделген өнердің көне мұралары (алтын тәтілер, ағаштан қыштан, өңделген теріден жасалған ыдыстар, түкті кілемдер мен кестелі заттар т.б.).

Қазақ оюы, қазақтың ою-өрнегі - үй-жиһаздарын, сәндік, тұрмыстық бұйымдар мен киімдерді нақыштап безендіруге қолданылатын өрнектер. Жаппай дамыған кезеңінде (19 ғасырдан кейін) қазақтардың үй жиһаздарын әшекейлеуге кең көлемде қолданған ою-өрнектерді, негізінен: зооморфтық, өсімдік сипатты, геометриялық, космогониялық түрлерге жіктеуге болады.

Олардың ішінде жануарлардың сыртқы пішініне, мүйізіне, тырнағына, мойнына, табанына, т.б. мүшесіне ұқсас ою-өрнектер халық арасына (зооморфтық түр) кең тараған. Зооморфтық ою-өрнек кебеже, жүкаяқ, әбдіре, асадал сияқты тұрмыстық бұйымдар әшекейінде жиі кездеседі. Аталған ою-өрнектер кебеже бүйірінде, көбінесе, тігінен бедерленіп, бос жерлерін толықтырған, ал төсектің жан ағашы белгілі бір ырғақпен түгел дерлік өрнектелген. Кейде оларды өсімдік сипатты өрнектермен сабақтастырып, жарасымды тұтас композиция құраған.

Ұсақ аңдардың табандарының іздері жүкаяқ, кебеже, асадалдың көрнекті жерлеріне салынған. Сонымен қатар бұл өрнек түрін үй жиһаздарының жиіктерінен, бұрыштарынан кездестіруге болады. Зооморфтық өрнекте төрт түлік малдың абстракциялық пішіні ерекше орын алады. Оған мысал ретінде қошқармүйіз, төртқұлақ, түйетабан, ботамойын, түлкібас, құсқанат және тағы басқа оюларын атауға болады.

Қошқармүйіз оюы қазақ халқының бүкіл тыныс-тіршілігін танытады. Кей қолданыста ол қырықмүйіз, сынармүйіз, арқармүйіз болып түрленіп отырады. Қошқармүйіз төрт тармақтан құралып, ортасы айқыш тәрізді болып келеді. Төртқұлақ өрнегі кебеже, жүкаяқтарды безендіруде кеңінен қолданылады. Ол ағаш бұйымдар бетінің кейде дәл ортасына, кейде бұрышына бедерленген. Ағаш бұйымдарда түлкібас, итбабақ, итемшек, қарақұс, құстұмсық, көбелек, ботамойын, түйетабан, шыбынның қанаты деп аталатын зооморфтық өрнектер ұшырасады. Олар, әсіресе, жүкаяқтарды, төсектерді өрнектеуге кеңінен қолданылады.

Үй жиһаздарында кең пайдаланылатын Қазақ оюының келесі бір түрі – өсімдік сипатты ою-өрнектер. Олар тұрмыстағы ағаш бұйымдарда жиі кездеседі. Жалпы өсімдік өрнегінің жапырақ, гүл, сабақша, өткізбе, шиыршық, тамыр түрінде және жаңадан ашылып келе жатқан жауқазын бейнесінде ұшырасады.

Өсімдік сипатты ою-өрнек, көбінесе, кебеже мен жұкаяқтардың, әбдірелердің беттерінде тігінен де, көлденеңінен де бедерленеді. Ал асадалдарда бұл ою-өрнектер бір-бірімен сабақтасып, тұтасқан түрінде беріліп отырады. Өсімдіктер ағаш бұйымдарда шебердің талғамына қарай әр қилы көрініс табады. Шебер оны өз талғамына орай жеке де, топтастырып та пайдаланған. Сондай-ақ, ағаш бұйымдарда өсімдік белгілері сабақтастырылған, шиыршықталған күйінде немесе шеңбер түрінде бедерленген. Бұл ою-өрнектің арасындағы бүгінде кең таралғаны ағаш сұлбасының абстракциялық түрдегі бейнесі. Аталған ою-өрнектің арасындағы келесі кең таралғаны – жапырақ тектес түрі. Жапырақтың, әсіресе, дара және топтасқан бейнелері көп қолданыс тапқан [2].

Үй жиһаздарында геометриялық ою-өрнек түрі жиі кездеседі. Ол барлық дерлік бұйымдарда орын алады, көбінесе, жалпы композиция құру барысында негізгі күрделі ою-өрнектерді жалғастырушы, толықтырушы рөлін атқарады. Кейде әр қилы орындалған сызықшалар көлбеу орналасса, бір тұстарда қосарласа тартылады. Ол үй жиһазының жиектеріне, бүйірлеріне, қапталдарына нақышталады. Көбінесе, кебеже, әбдіренің орта тұсында шеңбер, сызық түрінде бедерленеді. Сондай-ақ, үй бұйымдарында геометриялық ою-өрнектердің үшбұрыш, төртбұрыш, сүйірбұрыш, айқышты, сопақша түрлері де кездеседі.

Қазақ жиһаздарында космогониялық ою-өрнек те кең таралған. Ол кебеже мен әбдіре бетінің дәл ортасында, көбінесе, күн бейнесінде бейнеленіп, айналасына ұсақ жұлдызшалар, бұлт, толқын салынады. 20 ғасырдың 60-80 жылдары Маңғыстау шеберлерінің қолынан шыққан кейбір үй жиһаздарында жұлдыз, балға мен орақ көп кездеседі. Ағаш бұйымдарда космогониялық ою-өрнектердің “жұлдыз”, “шұғыла”, “төртқұлақ”, “бітпес”, “шимай” деп аталатын түрлері кеңінен қолданған.

Аталған ою-өрнектер, негізінен, ағаш бұйымдарында бірнеше рет қайталанып, ырғақ заңдылығымен орындалады. Космогониялық ою-өрнектер үй жиһаздарының орта тұсында және жиектерінде бедерленген. Мәселен, күн бейнесі, оның шұғыласы ағаш бұйымдарының ортасында шеңбер түрінде бедерленсе, ай бейнесі көбінесе қыз жасауларында жаңа ай күйінде өрнектеледі. Ал, толқын тәріздес шумақталған бұлт бейнесінің сыртқы пішіні бұйымдардың жиектерінде беріледі. Ағаш бұйымдарында көрініс тапқан ою-өрнек түрлері мен олардың мазмұны қазақтар арасында ағаш оймыштаудың біршама жақсы дамығандығын аңғартады.

Ою-өрнек ісі тым ерте заманнан бастап-ақ қолөнерінің барлық түріне бірдей ортақ әсемдеп әшекейлеудің негізі болып келді. Ою деген сөзбен өрнек деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау немесе екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатады. Ал өрнек дегеніміз әр түрлі ою, бедер, бейненің, күйдіріп, жалатып, бояп, батырып, қалыптап істеген көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортаң атауы іспеттес.

Қазақ ою-өрнектерінің атаулары мен бейнелері ғасырлар бойы дамып келе жатқан адамдардың интеллектуалдық эстетикалық дүниетанымынан туған көркемөнер туындысы. Космосқа байланысты ғарыштаты (космогония) элементтері ежелгі көшпенділердің (андрон, сак, ғұн, түркі) дүниетанымында, тұрмысында кеңінен қолданған. Қазақтың рухани мәдениетінде кездесетін ғарыш, ғарыштаты рәміздеріне қатысты наным-сенімдер мен ырым-тыйымдар бүгінде біздің рухани мәдениетімізде сақталған. Көшпенділерде бұл таңбалар ежелден «табиғаттың тылсым күштері мен тіл-көзден сақтайды» деп ұққан [3].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ. Әмірғазин. Қазақ қол өнері. -Алматы. Дайк пресс ., 2004 ж.
2. С. Асанова., А.Птицина, Қазақ ұлттық киімдері және қолөнері тарихы. Фолиант. Астана, 2008 ж.
3. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қол өнері. -Алматы: Өнер , 1987ж.

Кенжеева Жанар Рустемовна

Биология пәні мұғалімі

Б.Момышұлы атындағы №6 мектеп гимназиясы
Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қаласы




**МҮКТЕР МЕН ҚЫРЫҚЖАПЫРАҚТАРДЫҢ ТІРШІЛІК ЦИКЛІ.
ГАМЕТОФИТ. СПОРОФИТ**

| | | |
|--|---|--------------------|
| Бөлім | 8.4А Көбею | |
| Педагогтың аты-жөні | Кенжеева Жанар | |
| Күні | | |
| Сынып:8А | Қатысушылар саны:28 | Қатыспағандар саны |
| Сабақтың тақырыбы | Мүктер мен қырықжапырақтардың тіршілік циклі. Гаметофит. Спорофит. | |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары | 8.2.1.2 мүктер мен қырықжапырақтардың мысалдарында жынысты және жыныссыз ұрпақтарының ерекшеліктерін түсіндіру | |
| Сабақтың мақсаты | 1. Мүктердің және қырықжапырақтардың жынысты және жыныссыз ұрпақтарын атау; 2. Спорофит және гаметофит үрдістерін ажырату; 3. Мүктердің тіршілік циклін сипаттау; | |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыты | Мұғалімнің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|-------------------------|--|---|--|---|
| Басы 2 мин | Ұйымдастыру кезеңі: -Амандасу - Оқушыларды түгендеу Психологиялық ахуал қалыптастыру Оқушылар шеңбер құрып, "Жүректен-жүрекке" әдісі арқылы бір-біріне жылы тілек айтып амандасады -Топқа бөлу Суреттер арқылы топқа бөлу | Мұғаліммен амандасады, шағын топтар бір – біріне бүгінгі сабаққа сәттілік тілеп, тілек айтады Әр оқушы өз тобына отырады | | презентация |
| Үй жұмысы | «Кім жылдам?» әдісі арқылы өткен тақырыпты пысықтау. 1.Көбею дегеніміз не? 2.Көбеюдің ең ертеде пайда болған түрі? 3.Жынысты жолмен көбейгенде не түзіледі? 4.Жануарлардың жыныссыз көбею түрлерін атаңыз? | «Кім жылдам?» әдісі арқылы өткен тақырып бойынша оқушылар білімдерін еске түсіреді. | Бағалау парағы арқылы топбасшы өз тобын бағалайды Бағалау: Мұғалімнің марапаты | https://learningapps.org/watch?v=pcjm7qn3c25 |

| | <p>5.Бөлшектеніп \стробиляция\көбею дегеніміз не? 6.Бүршіктеніп көбею нелерге тән? 7.Жынысты көбеюге не жатады? 8.Ұрықтанбаған жұмыртқа жасушасынан ұрықтың дамуы не деп аталады? 9.Аналық ағзада дернасілдері ұрықтанбай-ақ пайда болатын ағза... 10.Ұрықтану дегеніміз не? 11.Ұрықтанудың екі түрін атаңыз 12.Өздігінен ұрықтануға мысал...</p> | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|--|---|--|---|---|------|--|--|---|--------|---|--------|--|--------|---|--------|--|--|--|--------|--|--|---------------------------|--------|--|
| <p>Жаңа сабаққа кіріспе</p> <p>8 мин</p> | <p>Ұжымдық жұмыс – «Пазл арқылы». Жаңа тақырыпты ашу</p> <p>Жаңа сабақты ашу:(Жасанды интелект) «Кинометоформа»әдісі арқылы видео көрсетілім.</p> | <p>Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу. Жаңа тақырыппен танысу үшін оқулық пен видео ақпараттар қолданылады</p> | <p>Бағалау: Мұғалімнің марапаты.</p> | <p>интербелсенді тақта</p> <p>Видео ақпарат:</p> <p>https://youtu.be/Zx0Mygs6GWI?si=wH1t01rARiRg3s_4</p> | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| <p>Ортасы</p> <p>30 мин</p> | <p>1-топқа тапсырма: Мүктердің жынысты және жыныссыз ұрпақтары Тапсырма: - Мүктерде қай кезең басым: гаметофит пе, әлде спорофит пе? - Гаметофит қандай құрылымдар түзеді және олар қалай қызмет етеді? - Спорофиттің құрылысы қандай және ол қалай дамиды? Қосымша: Суретпен немесе тіршілік циклі диаграммасымен жұмыс жасаңыз. 2-топқа тапсырма: Қырықжапырақтардың жынысты және жыныссыз ұрпақтары Тапсырма: - Қырықжапырақтарда қандай ұрпақ негізгі (басым) болып табылады?</p> | <p>Топта ақпаратты талдап болғаннан кейін сызбаны түсіндіру</p> | <table border="1" data-bbox="941 1249 1177 1729"> <thead> <tr> <th>Дескрипторлар</th> <th>Балл</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>- Мүктерде басым ұрпақтың гаметофит екенін анықтайды</td> <td></td> </tr> <tr> <td>- Гаметофиттің құрылысы мен қызметін сипаттайды</td> <td>1 балл</td> </tr> <tr> <td>- Спорофиттің қайда орналасқанын және не түзетінін сипаттайды</td> <td>1 балл</td> </tr> <tr> <td>- Қырықжапырақтарда спорофиттің басым екенін түсіндіреді</td> <td>1 балл</td> </tr> <tr> <td>- Проталлий (гаметофит) құрылысы мен рөлін сипаттайды</td> <td>1 балл</td> </tr> <tr> <td>- Спорофиттің құрылысы мен дамуын сипаттайды</td> <td></td> </tr> <tr> <td>- Мүктер мен қырықжапырақтардың тіршілік цикліндегі ұқсастықтарын табады</td> <td>1 балл</td> </tr> <tr> <td>- Екі топтағы жынысты және жыныссыз ұрпақтардың ерекшеліктерін салыстырады</td> <td></td> </tr> <tr> <td>- Кестені дұрыс толтырады</td> <td>1 балл</td> </tr> </tbody> </table> <p>Жалпы балл: 6</p> | Дескрипторлар | Балл | - Мүктерде басым ұрпақтың гаметофит екенін анықтайды | | - Гаметофиттің құрылысы мен қызметін сипаттайды | 1 балл | - Спорофиттің қайда орналасқанын және не түзетінін сипаттайды | 1 балл | - Қырықжапырақтарда спорофиттің басым екенін түсіндіреді | 1 балл | - Проталлий (гаметофит) құрылысы мен рөлін сипаттайды | 1 балл | - Спорофиттің құрылысы мен дамуын сипаттайды | | - Мүктер мен қырықжапырақтардың тіршілік цикліндегі ұқсастықтарын табады | 1 балл | - Екі топтағы жынысты және жыныссыз ұрпақтардың ерекшеліктерін салыстырады | | - Кестені дұрыс толтырады | 1 балл | <p>АКТ құралдары, плакаттар</p> <p>диаграмма</p> |
| Дескрипторлар | Балл | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| - Мүктерде басым ұрпақтың гаметофит екенін анықтайды | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| - Гаметофиттің құрылысы мен қызметін сипаттайды | 1 балл | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| - Спорофиттің қайда орналасқанын және не түзетінін сипаттайды | 1 балл | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| - Қырықжапырақтарда спорофиттің басым екенін түсіндіреді | 1 балл | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| - Проталлий (гаметофит) құрылысы мен рөлін сипаттайды | 1 балл | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| - Спорофиттің құрылысы мен дамуын сипаттайды | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| - Мүктер мен қырықжапырақтардың тіршілік цикліндегі ұқсастықтарын табады | 1 балл | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| - Екі топтағы жынысты және жыныссыз ұрпақтардың ерекшеліктерін салыстырады | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| - Кестені дұрыс толтырады | 1 балл | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

| | <p>- Гаметофит қалай аталады және оның пішіні, қызметі қандай?</p> <p>- Спорофиттің құрылысы мен қызметін сипаттаңыз.</p> <p>Қосымша: Өсімдік бөліктерінің атауларымен диаграмма толтырыңыз.</p> <p>3-топқа тапсырма: Мүктер мен қырықжапырақтарды салыстыру</p> <p>Тапсырма:</p> <p>- Мүктер мен қырықжапырақтардың гаметофит және спорофит кезеңдерін салыстырыңыз.</p> <p>- Қай топта қай ұрпақ ұзақ өмір сүреді және дамыған?</p> <p>- Жынысты көбею мен жыныссыз көбеюге мысалдар келтіріңіз.</p> <p>Қосымша: Кестені толтырыңыз:</p> <table border="1" data-bbox="327 1019 676 1220"> <thead> <tr> <th>Салыстыру өлшемі</th> <th>Мүктер</th> <th>Қырықжапырақтар</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Басым ұрпақ</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Спора қайда түзіледі?</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Гаметофиттің ерекшелігі</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> | Салыстыру өлшемі | Мүктер | Қырықжапырақтар | | | | | | | Басым ұрпақ | | | Спора қайда түзіледі? | | | Гаметофиттің ерекшелігі | | | | | |
|-------------------------|---|---|--|--|-------|---|--|--|--|--|-------------|--|--|-----------------------|--|--|-------------------------|--|--|--|--|--|
| Салыстыру өлшемі | Мүктер | Қырықжапырақтар | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Басым ұрпақ | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Спора қайда түзіледі? | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Гаметофиттің ерекшелігі | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | <p>Тапсырма 2 Жұптық жұмыс «Жұптас,ойлан,шеш» Мүктердің жынысты және жыныссыз ұрпақтарын атаңыз</p>  | <p>Оқушылар жұптасып сурет арқылы белгіленген ұрпақтарды атайды</p> | <p>Бағалау критерийі: Мүктердің жынысты және жыныссыз ұрпақтарын атайды Дескриптор: - мүктердің жынысты ұрпақтарын атайды (1 б); - мүктердің жыныссыз ұрпақтарын атайды (1 б). Жалпы балл:4 «Бағалау парағы» арқылы бағалау</p> | <p>https://learningapps.org/watch?v=p9nggy66325</p> | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | <p>Тапсырма 2.2 – «Классификация». Спорофит және гаметофит үрдістерін ажыратыңыз:</p> <table border="1" data-bbox="335 1915 662 2016"> <thead> <tr> <th>Спорофит</th> <th>Гаметофит</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1,2,4,6,8,9</td> <td>3,5,7</td> </tr> </tbody> </table> | Спорофит | Гаметофит | 1,2,4,6,8,9 | 3,5,7 | <p>. Спорофит және гаметофит үрдістерін ажыратады</p> | <p>Бағалау критерийі: Спорофит және гаметофит үрдістерін ажыратады Дескриптор:</p> | <p>https://learningapps.org/watch?v=p55hoq9vk25</p> | | | | | | | | | | | | | | |
| Спорофит | Гаметофит | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 1,2,4,6,8,9 | 3,5,7 | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | |
|--|---|---|--|-------------------------|
| | <ol style="list-style-type: none"> 1. Өсімдіктердің тіршілік цикліндегі жыныссыз ұрпақ; 2. Гаплоидты споралардан пайда болады; 3. Жасушалары гаплоидты, гаметалары жасушалардан митоз жолымен түзіледі; 4. Спора түзу сатысы; 5. Гаметалар түзіледі; 6. Эрқашан диплоидты, ал споралар эрқашан гаплоидты болады; 7. Жынысты ұрпақ; 8. Жасушаларында хромосоманың жиынтығы екі еселенген болады; 9. Аталық пен аналықтың қосылуынан пайда болған зиготадан түзеді | | <p>- Спорофит ерекшеліктерін белгілейді (1 б); - Гаметофитті ерекшеліктерін белгілейді (1 б). Жалпы балл:2 «Бағалау парағы» арқылы бағалау</p> | |
| <p>Сабақтың соңы 5 мин</p> | <p>Рефлексия «Активатор 3/2/1 әдісі»: 1. Мен білетін үш нәрсе ... 2. Мені таңқалдырған екі нәрсе ... 3. Болашақта тереңірек қарастыратын бір нәрсе....</p> | <p>Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.</p> | | <p>Рефлексия парағы</p> |

Ахунова Меруерт Ахметбекқызы

Педагог-психолог

Абай облысы білім басқармасы Аягөз ауданы білім бөлімінің
«Т.Есімжанов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ



АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ АРҚЫЛЫ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация

Бұл баяндамада Абай Құнанбайұлының қара сөздері негізінде эмоционалды интеллектті дамыту жолдары қарастырылады. Эмоционалды интеллект ұғымының маңыздылығы және оның негізгі компоненттері талданады: өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, мотивация, эмпатия және әлеуметтік дағдылар. Баяндамада Абайдың қара сөздеріндегі философиялық ойлардың осы компоненттерді дамытудағы рөлі көрсетіліп, нақты мысалдар мен практикалық ұсыныстар беріледі. Абайдың даналығы адамның ішкі жан дүниесін байытуға және өмірде эмоционалды тепе-теңдікке жетуге ықпал ететіні дәлелденеді.

Кіріспе

Абай Құнанбайұлы – қазақтың ұлы ойшылы, ақыны және философы. Оның қара сөздері – халықтың рухани байлығының бірегей көзі. Абайдың қара сөздері тек философиялық ойларға ғана емес, адамның өзін-өзі тануы мен дамытуына үлкен ықпал етеді. Осы баяндамада Абайдың қара сөздері арқылы эмоционалды интеллектті дамыту жолдары қарастырылады.

I. Эмоционалды интеллект ұғымы

Эмоционалды интеллект – адамның өз сезімдерін тану, басқару және басқалардың эмоцияларын түсіну қабілеті. Оның негізгі компоненттері:

Өзін-өзі тану

Өзін-өзі реттеу

Мотивация

Эмпатия

Әлеуметтік дағдылар

II. Абайдың қара сөздері және эмоционалды интеллект

1. Өзін-өзі тану

Абайдың жетінші қара сөзінде адам баласының өзін тануы, ақыл-ойын дамытуы жайлы айтылады. Бұл адамның өз эмоцияларын түсінуі мен оларды басқаруда маңызды рөл атқарады.

"Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі — ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Біреуі — білсем екен деп тұрады."

2. Өзін-өзі реттеу

Он бірінші қара сөзінде сабырлылық пен өзін-өзі ұстау мәселелері қозғалады. Бұл эмоционалды интеллекттің маңызды элементі болып табылады.

"Ақыл мен қайратты ұштастырып, сабыр сақтаған дұрыс."

3. Эмпатия

Отыз жетінші қара сөзінде адамгершілік пен мейірімділік мәселелері қозғалады. Басқалардың эмоциясын түсіну мен қолдау көрсету – эмпатияның басты көрінісі.

"Адамның адамгершілігі жақсы көруден басталады."

4. Әлеуметтік дағдылар

Қара сөздерде достық, адалдық және қарым-қатынас мәдениеті жиі айтылады. Бұл әлеуметтік интеллектті дамытуға септігін тигізеді.

"Бірлік бар жерде тірлік бар."

Абайдың қара сөздері эмоционалды интеллектті дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Оның терең ойлары адамға өзін-өзі тануға, эмоцияларын басқаруға және басқалармен тиімді қарым-қатынас жасауға үйретеді. Осылайша, Абай мұрасы адамзаттың рухани даму жолында маңызды рөл атқарады. Абай Құнанбайұлының қара сөздері қазақ халқының рухани қазынасы болып саналады. Қара сөздерінде ол адамгершілік, өзін-өзі тану, сабырлық, ойлану, адамзатқа пайда келтіру секілді мәңгілік құндылықтарды дәріптейді. Бұл мәселелер эмоционалды интеллектті дамытуда маңызды рөл атқарады. Қазіргі заманда эмоционалды интеллект кәсіби және жеке өмірде табыстың кепілі болып отыр.

III. Абайдың қара сөздері эмоционалды интеллектті дамытуда

1. Өзін-өзі тану және рефлексия

Абайдың қара сөздерінде адамды өзін тануға шақыру басым. Жетінші қара сөзінде ол адамның дүниетанымдық ізденістерін дәріптейді:

Бұл адамды өз құмарлықтарын бақылауға және білімге ұмтылуға жетелейді.

2. Өзін -өзі реттеу және сабырлық

Он бірінші қара сөзінде сабыр мен өзін-өзі басқару мәселесі көтеріледі. "Ақыл, қайрат, жүрек – үшеуі бас қосып, елге билік айтпақшы болыпты." Абай сабырлықты ақыл мен қайраттың үйлесімінде көреді. Бұл адамның эмоцияларын басқаруда маңызды рөл атқарады.

3. Мотивация және мақсатқа жету. Абай жиырма үшінші қара сөзінде жалқаулықты сынайды және еңбекқорлықты насихаттайды:

"Еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды." Бұл сөздер адамның ішкі мотивациясын оятуға бағытталған.

4. Эмпатия және адамгершілік. Отыз жетінші қара сөзінде Абай адамгершілік пен мейірімділіктің маңыздылығын көрсетеді:

"Адамның адамшылығы – жақсы көруден басталады." Бұл басқалардың эмоциясын түсінуге және оларға дұрыс жауап беруге үйретеді.

5. Әлеуметтік дағдылар және қарым-қатынас

Абай достық, әділдік, адалдық туралы жиі айтады. Мысалы, қырық үшінші қара сөзінде ол қоғамдағы қарым-қатынас мәдениеті туралы ой қозғайды. "Адамға достық қылсаң, шын көңілмен қыл." Бұл қарым-қатынасты дұрыс орнатудың негізін көрсетеді.

IV. Қара сөздерді практикалық тұрғыда қолдану

1. Күнделікті рефлексия жасау: Қара сөздерді оқып, өз эмоцияларыңызды талдап отырыңыз.

2. Сабырлықты дамыту: Он бірінші қара сөзді басшылыққа ала отырып, стресстік жағдайларда сабыр сақтауды үйреніңіз.

3. Эмпатияны дамыту: Басқалардың сезімдерін түсінуге тырысыңыз, отыз жетінші қара сөзді үлгі етіңіз.

4. Мотивацияны арттыру: Абайдың еңбекке шақыру сөздерін күнделікті өмірде қолданыңыз.

Абай Құнанбаевтың қара сөздерінен мысал келтіруге болады:

1. Ақыл, жүрек және қайраттың үйлесімі (17-қара сөз)

Абай ақыл, жүрек және қайратты бірдей дамыту қажеттігін айтады. Эмоционалды интеллектті дамыту үшін бұл үйлесім өте маңызды. Ақыл эмоцияларды талдауға көмектесе, жүрек эмпатияны күшейтеді, ал қайрат сезімдерді басқаруға ықпал етеді.

"Ақыл, қайрат, жүрек үшеуі таласып, кезек билеген адам – толық адам." Бұл қағида эмоционалды тепе-теңдікке жетудің маңыздылығын көрсетеді.

2. Адамгершілік және әділдік (38-қара сөз) Абай әділдік пен адамгершілікті нағыз парасаттылықтың белгісі деп таниды. Әділ болу және өзгелердің сезімін құрметтеу — эмоционалды интеллекттің маңызды бөлігі. "Адамшылықтың негізі – ар мен ұят."

Бұл тұжырым басқалармен дұрыс қарым-қатынас орнатудың моральдық негіздерін көрсетеді.

3. Өзін-өзі дамыту және білімге ұмтылу (19-қара сөз)

Абай білім алуға шақыра отырып, адамның ішкі жан дүниесін жетілдіруді маңызды деп санайды. Өзін-өзі тану мен дамыту эмоционалды интеллектті дамытудың кілті болып табылады. "Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады." Бұл сөздер адамның өзін-өзі жетілдіруге деген мотивациясын арттырады.

4. Қанағат пен тәубе (24-қара сөз)

Абай қанағат пен сабырды бақыттың негізі деп біледі. Бұл өзін-өзі реттеудің маңызды аспектісі. "Қанағат қылсаң, құт болар." Бұл қағида эмоцияларды басқаруға және күйзеліске төзімділікке үйретеді.

Практикалық ұсыныстар:

1. Күнделікті күнделік жүргізу:

Қара сөздерден үзінділер жазып, солар туралы ой жазыңыз.

Өз эмоцияларыңызды сипаттаңыз және оларды басқарудың жолдарын іздеңіз.

2. Медитация және өзін-өзі бақылау:

Абайдың сабырлылыққа шақыратын сөздерін басшылыққа ала отырып, медитация жасаңыз.

3. Эмпатия жаттығулары:

Абайдың әділдік пен адамгершілік туралы сөздерін негізге алып, басқалардың сезімдерін түсінуге тырысыңыз.

4. Өзін-өзі дамыту жоспары:

Абайдың білім мен ізденіс туралы ойларын қолданып, жеке даму жоспарын жасаңыз.

Қорыта келе Абайдың қара сөздері эмоционалды интеллектті дамытуға мол мүмкіндіктер береді. Ойшылдың адамгершілікке, өзін-өзі тануға, мейірімділік пен еңбекке шақырған өсиеттері қазіргі заманда да өз маңызын жойған жоқ. Осы құндылықтарды өмірде қолдана отырып, адам жеке және кәсіби тұрғыда табысқа жете алады.

Абайдың Қара Сөздеріндегі негізгі қағидалар және олардың эмоционалды интеллекттің барлық қырын дамытуға жол ашады. Олар адамның өзін-өзі тануына, эмоцияларын басқаруына, өзгелермен дұрыс қарым-қатынас орнатуына және өмірдегі қиындықтарды жеңуіне бағыт-бағдар береді.

ПУТИ РАЗВИТИЯ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА ЧЕРЕЗ СЛОВА НАЗИДАНИЯ АБАЯ

Аннотация. В данном докладе рассматриваются пути развития эмоционального интеллекта на основе «Кара слов» Абая Кунанбайұлы. Анализируется значение эмоционального интеллекта и его ключевые компоненты: самоосознание, саморегуляция, мотивация, эмпатия и социальные навыки. В докладе показана роль философских идей Абая в развитии этих компонентов, приведены конкретные примеры и практические рекомендации. Мудрость Абая доказывает свою значимость в обогащении внутреннего мира человека и достижении эмоционального баланса в жизни.

Пирнепесова Альфия Жанбырбайқызы

Педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-модератор, физика пәні мұғалімі
Дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты
Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы



ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ИНЕРЦИЯ ОЙЛАУЫНЫҢ ЖЕҢУ ӘДІСІ

Аңдатпа. Статъяда психологиялық инерция туралы айтылған, оқушылардың кез келген тапсырмалардың, соның ішінде физика тапсырмаларын шешуде бір алгоритм бар деп түсінуіне жол бермеу. Сол бағытта мысал ретінде қолданатын тапсырмаларды ұсыну.

Түйінді сөздер: психологиялық инерция, классификация, сызба есептер, логикалық тапсырмалар, комплекстік сұрақтар.

Аннотация. Статъя о психологической инерции, предотвращении понимания учащимися того, что для решения любых задач, включая задачи по физике, существует только один алгоритм. Приведены примеры задач, которые можно использовать в этом направлении.

Ключевые слова: психологическая инерция, классификация, схематические задачи, логические задачи, комплексные вопросы.

Annotation. The article talks about psychological inertia, not to let students understand that there is one algorithm for solving any problems, including problems in physics. A representation of the tasks that we use as an example in the same direction.


Keywords: psychological inertia, classification, schematic tasks, logical problems, complex questions.

Мемлекеттік білім беру стандарты бойынша, баланы тыңғылықты дайындау үшін, оның көптеген бағдарламалар қолдануымен физика курсына заңдылықтарды өте жақсы меңгеруге тиісті. Осы бағдарламаның негізгі бағыты, оқушының білімге деген құштарлығы мен зейіннің ашып, оның өзінің арманындағы мамандыққа жол ашу. Осыған байланысты психологтар ойлаудың екі түрін ажыратады: конвергентті (тұйық, шығармашылық қабілеті төмен) және дивергентті (ашық, шығармашылығы жоғары қабілетті). Осы жіктемеге жататын оқушыны арнайы екі топқаға бөледі. Оның бірінші конвергентті бағыттағы балалар ғылымға жақын, өте сабырлы байыппен жасалатын істерге қызығатындар, ал екінші топқа дивергентті, яғни шығармашыл (мәдени салада) тек ортада жүргісі келетін, қоғаммен тез қарым- қатынас ұстай алатындар жатады.

Қазіргі кезде психологтардың зерттеу нәтижелерін ескеріп, ойлаудың тағы да бірнеше түрі қарастырайық: а) көрнекі-әрекеттік ойлау–мәселені шешу жағдаятын шынайы

түрлендіретін, бақыланатын қозғалыстық әрекет арқылы іске асатын (мектеп бағдарламасындағы тақырыптарын толық меңгерілмегенде; өзіндік дамуына үлес қосуымен іске асырылады) ойлау түрі; б) көрнекі–бейнелік ойлау–жағдаят тек бейне жоспарында ғана түрленетін (әр тәжірибені орындауға арналған құралдардың толық бейнелік сипаттамасын білуі) ойлау түрі. Көрнекі–әрекеттік ойлауға қарағанда көрнекі–бейнелік ойлауда алдына қойылған мақсатқа жету жолы бейнеленеді.


Психологиялық инерция немесе ойлау инерциясы-адамның жинақталған тәжірибесіне байланысты мәселені шешуге дәстүрлі әдіспен еріксіз түрде ұмтылуы. Көптеген ойшылдардың айтқан алғашқы ұсынылып зерттелмеген пікірлерін дұрыстауға көмектескен ең тиімді жол. С.С. Литвиннің [1,125б.] пайымдауы бойынша психологиялық инерцияның түрлері: а)инерцияның әдеттегі функция және бағытталған функция, яғни бұл әр заттың атауының тек бір ғана мағынаны бермейтіні туралы пікірді қалыптастырады. Демек бір затқа жан- жақтан анықтама беруге тырысу керек екендігін дәлелдейді; б) арнайы терминнің инерциясы, демек күрделі техникалық терминдерді адамдарға түсінікті тілде, ешқандай мағынасын өзгертпей жан- жақты қарастыруды дәлелдейді; в) әдеттегі қалыптың ішкі инерциясы, жаңа мәліметтерді игеруде ескі қалыптың ішкі инерциясына өзгеруін сипаттайды. Демек, қандай да болсын мәліметті жан- жақты қарауға мүмкіндік береді. Сонымен, психологиялық инерциясының (немесе ойлау инерциясы) мынандай қасиеттерін төмендегі модель (1-суретте көрсетілген) арқылы көрсетуге болады:



1-сурет Психологиялық инерция моделі

Сонымен қатар, психология саласы ойлаудың қос классификациясымен байланыстырады: а)теориялық ойлау–ғылыми ұғымдарды пайдалану негізінде физикалық заңдар мен ережелерді танып–білуден тұратын ойлаудың жоғары дамыған түрі; б) практикалық ойлау–ақиқатты физикалық түрде өзгертуге дайындық күйін (мақсат қою, жоспар, жоба, схема құру) білдіретін ойлау түрі. Бұл ойлау түрі кеңес психологы Б.М. Тепловпен едәуір көп зерттелінген. Мысалы: физиканы оқытуда, бізге белгілі берілетін тапсырмалар көбінесе конвергентті бағытқа жатады, яғни олар тек бір ғана жауапты, алдын ала зерттеліп айқындалған қорытынды формуламен шығарылады. [2] Демек ол айқын тек ғана бір бағытты қарастыруды талап етеді. Ал дивергентті бағыттағы мысалдарды қарастыратын болсақ, онда сызба түрінде берілетін арнайы тапсырмаларды қарауға болады. Себебі шығарудың бірнеше жолдары болады. Осы арқылы дивергентті бағыт тек позитивті жақта ғана жүруді үйретеді. Осы бағытта оқушыларға физикалық заңдылықтарды толыққанды

жеткізу үшін мектепте арнайы физикалық үйірмелерді, топ бойынша сабақ үйретуді және көптеген зерттеулердің шығарылу жолдары бар логикалық тапсырмаларды беру керек. Себебі оқушыларға (жас ерекшеліктеріне қарай) психологиялық инерцияны жою үшін көбінесе логикалық тапсырмалар берген жөн. Мысалы: жүйелілік; диалектикалық; елестету; шығармашылық елестету; шығармашылық ішкі түйсік және т.б. тапсырма арқылы көптеген мәселеден шығу жолдарын қиялдай алады. Оқушылар секілді қиялдап, армандауға көбінесе ересектерге инерциялық ойлау кедергі болады. Бір сөзбен айтқанда, психологиялық инерция кез келген бір жақсы әдіске немесе есептерді шешуде, ойлау бейнесіне орналасу дегенді білдіреді. Әдетте психологиялық инерцияны «таптаурын жолмен жүру» мәнімен сипаттайды. Сұрақпен танысу психологиялық инерцияны күшейтеді. Бізге таныс объектілер, процестер немесе ойлар жаңа салада сирек қолданады. Бұны функционалдық табандылық эффектісі дейді. Мысалы: бір ғана тәжірибелік құрал көмегімен бірнеше зерттеу жұмыстарын жүргізу жолдарын (2-сурет) қарастыру.











2-сурет Классификация моделі

Психологиялық инерция оқу барысында жас шамасына қарай арнайы сурет (кескін, сызба, бейне, көрініс) арқылы бағыт беру, ол төменде көрсетілгендей әсер етеді. Түсіну - яғни көру. Оқушылар көп жағдайда өздерінің ойларымен сәйкес келетін фактілерді білуге ұмтылады, бұл дәлелденген. [3,95б.] Әр түрлі әдістер көмегімен психологиялық инерцияны жеңу жолдары бар екен, оны мынандай мысалдар арқылы жүзеге асыруға болады: а) сын-шығармашылық ойлауға қызмет етеді; б) сана маңызды болып табылады; в) ойларын еркін жеткізу қажеттігі. Осыдан жоғарыда айтылғандай психологиялық инерцияны жеңу жолдары жас ерекшеліктеріне байланысты болуы (1-кесте) тиіс. [4, 96б.]

Кесте 1- Тапсырма түрлері

| Сыныптар | Тапсырма түрлері |
|----------|--|
| 7 сынып | Барлығымызға белгілі поездарда стоп- кран ашық қызыл түсте боялған. Ал ол ұшақта қандай түсте? Аспан секілді ашық көк па? Мүмкін жасыл, қызыл сары шығар? (балалар өз нұсқаларын айтады, бірақ та ол ұшақтарда жоқ екенін білмейді). |
| 8 сынып | Кім циркта басын жоғары ұстап жүреді? (балалар «акробаттар» немесе «клоундар» деп жауап қайтарады, кім басын төмен қаратып жүреді деген сұрақты естіген секілді. Негізгі дұрыс жауабы барлық адамдар.) |

| 9 сынып |  <p>Осы суретте не бейнеленгені туралы балалар өз ойларын айтады, себебі олардың пікірлері әртүрлі болуы мүмкін.</p> | | | | | | | | |
|--|--|---|--|----------------------|-------------------------|-----------------|--|---|---|
| 10 сынып |  <p>7 геометриялық фигура көмегімен өте кішкентай квадратты құрастыру керек.</p> | | | | | | | | |
| 11 сынып | <p style="text-align: center;">Сызба есептер</p> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <thead> <tr> <th style="width: 33%; text-align: center;">Механика курсында</th> <th style="width: 33%; text-align: center;">Электростатика курсында</th> <th style="width: 33%; text-align: center;">Оптика курсында</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="375 683 630 1243"> <p>Массасы 5т, бастапқы жылдамдығы 54км/сағ машина 0,4м/с² үдеумен бірқалыпты кемімелі қозғалған. Машинаны тежеуші күшті, оның орын ауыстыруын және толық тоқтағынғы дейінгі уақытты табу керек? Үйкеліс коэффициенті қандай?</p> </td> <td data-bbox="630 683 1045 1243">  <p>Суретте параллель жалғанған екі өткізгіштің сызбасы берілген. Кедергісі $R_1 = 44$ Ом өткізгіш арқылы $I_1 = 5$ А ток өтеді. $I_2 = 0.8$ А ток өткендегі өткізгіштің R_2 кедергісін анықтаңыз.</p> </td> <td data-bbox="1045 683 1439 1243">  <p>Белгілі тегіс ортаға 30 градуспен сәуле түсті. Оның сол ортада шағылу бұрышы неге тең болады?</p> <p>Мөлдір дененің бетіне түскен сәуленің бұрышына байланысты. Және де сыну көрсеткішінің коэффициентін ескеру керек.</p> </td> </tr> </tbody> </table> | | | Механика курсында | Электростатика курсында | Оптика курсында | <p>Массасы 5т, бастапқы жылдамдығы 54км/сағ машина 0,4м/с² үдеумен бірқалыпты кемімелі қозғалған. Машинаны тежеуші күшті, оның орын ауыстыруын және толық тоқтағынғы дейінгі уақытты табу керек? Үйкеліс коэффициенті қандай?</p> |  <p>Суретте параллель жалғанған екі өткізгіштің сызбасы берілген. Кедергісі $R_1 = 44$ Ом өткізгіш арқылы $I_1 = 5$ А ток өтеді. $I_2 = 0.8$ А ток өткендегі өткізгіштің R_2 кедергісін анықтаңыз.</p> |  <p>Белгілі тегіс ортаға 30 градуспен сәуле түсті. Оның сол ортада шағылу бұрышы неге тең болады?</p> <p>Мөлдір дененің бетіне түскен сәуленің бұрышына байланысты. Және де сыну көрсеткішінің коэффициентін ескеру керек.</p> |
| Механика курсында | Электростатика курсында | Оптика курсында | | | | | | | |
| <p>Массасы 5т, бастапқы жылдамдығы 54км/сағ машина 0,4м/с² үдеумен бірқалыпты кемімелі қозғалған. Машинаны тежеуші күшті, оның орын ауыстыруын және толық тоқтағынғы дейінгі уақытты табу керек? Үйкеліс коэффициенті қандай?</p> |  <p>Суретте параллель жалғанған екі өткізгіштің сызбасы берілген. Кедергісі $R_1 = 44$ Ом өткізгіш арқылы $I_1 = 5$ А ток өтеді. $I_2 = 0.8$ А ток өткендегі өткізгіштің R_2 кедергісін анықтаңыз.</p> |  <p>Белгілі тегіс ортаға 30 градуспен сәуле түсті. Оның сол ортада шағылу бұрышы неге тең болады?</p> <p>Мөлдір дененің бетіне түскен сәуленің бұрышына байланысты. Және де сыну көрсеткішінің коэффициентін ескеру керек.</p> | | | | | | | |

Қорытындылай келе, көптеген сауалнамалардың жауаптарына байланысты көбінесе оқушыларға сызба түрінде берілетін тапсырмалар күрделі екендігі белгілі болды. Ал оқытушылардың пікірі бойынша, сызба есептері ол нағыз логиканы дамытуға бағытталған есептер қатарына жататынын айтады. Жоғарыда айтылған психологиялық инерция ойлауының қасиеттеріне сүйене отырып, берілетін тапсырманы жүйелендірсе, оның да жеңу әдісінің нәтижесі болатынына сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Зиновкина М.М. НФТМ-ТРИЗ: Креативное образование XXI века. Теория и практика.-М.:МГИУ, 2008.-306 с.
2. Утёмов В. В. Задачи открытого типа как средство развития креативности учащихся средней школы // Концепт: научно-методический электронный журнал официального сайта эвристических олимпиад «Совёнок» и «Прорыв». – 4 квартал 2011, ART 11-4-02. – Киров, 2011 г. – URL: <http://www.covenok.ru/koncept/2011/11402.htm>. – Гос. рег. Эл № ФС 77-46214. – ISSN 2225-1618.
3. Меерович М.И., Шрагина Л.И. “Теория решения изобретательских задач” – Минск, “Харвест”, 2003 г.
4. В.Ветрова В.Т. Сборник задач по физике с индивидуальными заданиями. Минск: 1991.

Федулова Татьяна Борисовна
 Заместитель директора по УР, учитель географии
 КГУ «Школа-лицей №1 отдела образования города Костанай»
 г.Костанай

ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ПЕДАГОГОВ: ВЗГЛЯД В БУДУЩЕЕ

Аннотация: В статье освещаются вопросы профессионального развития педагогов школ Казахстана, основой которого является методическая работа в школе. Рассмотрены новые формы непрерывного сотрудничества, направленные на личностную поддержку профессиональной деятельности.

Ключевые слова: педагогическая практика, технологии, самообразование, профессиональное развитие, методический уровень.

«Для того, чтобы воспитание детей было успешно, надо, чтобы воспитывающие люди, не переставая, воспитывали себя, помогали бы друг другу все более и более осуществлять то, к чему стремятся. Средств же для этого, кроме главного внутреннего — работы каждого человека над своей душой, — может быть очень много. Надо искать их, обдумывать, прилагать, обсуждать... думаю, что это целая и важнейшая область науки воспитания себя для воздействия на детей».

Л.Н. Толстой

Интеграция Казахстана в образовательное пространство современного мира требует значительных реформ в системе образования, а это значит, что одной из главнейших задач системы образования является подготовка высококвалифицированных кадров, способных заложить основы новой педагогической практики, реализовать государственную концепцию среднего образования в школах 21 века.

Учитель новой формации — это творческая личность, духовно-нравственная, граждански ответственная, активно — созидательная и экологически образованная, обладающая способностью к рефлексии, стремлением к самообразованию, саморазвитию и самореализации, характеризуемая высоким уровнем сформированности дидактико-методической, исследовательской, социально личностной, коммуникативной, информационной и других видов компетентностей. Учитель должен ясно осознавать самоценность образования, в совершенстве знать преподаваемый предмет, методику его преподавания, педагогику и психологию, использовать личностно-ориентированные педагогические технологии и технологии развивающего обучения, обладать мотивацией к развитию не только детей, но и своей личности.

Сегодня, как никогда, возросла потребность в педагогах, способных совершенствовать содержание своей профессиональной деятельности посредством критического, творческого осмысления и применения передовых педагогических и информационных технологий.

Многие сферы нашей жизни требуют выработки определенных требований, так и к учителю предъявляются определенные профессиональные требования. Без этих правил и требований учитель не сможет стать полноценным специалистом и быть конкурентоспособным, что является неотъемлемой частью современности.

Между тем сложившаяся логика педагогического образования выглядит подчас несколько абсурдно, поскольку молодое поколение педагогов начиная педагогическую деятельность занимается воспитанием и образованием детей, хотя сами не в полной мере воспитаны и образованы. Не всегда есть полное осознание сущности и значения

самовоспитания, саморазвития, самосовершенствования и профессионального самоопределения, а ведь это очень важно для педагога-профессионала.

Если обратиться к педагогике, то профессиональное развитие здесь рассматривается как процесс решения профессионально значимых задач – познавательных, коммуникативных, морально-нравственных. В ходе этого процесса учитель овладевает необходимым комплексом связанных с его профессией деловых и нравственных качеств.

Одним из наиболее распространенных способов профессионального развития для учителей является повышение квалификации. Целью данной процедуры является обновление теоретических и практических знаний. В результате чего учитель овладевает новыми методами решения профессиональных задач, повышает свой профессиональный уровень, что особенно важно в постоянно меняющихся условиях и требованиях общества.

Существует много способов непрерывного педагогического образования: прохождение краткосрочных и долгосрочных курсов при институтах повышения квалификации, при независимых консультативных группах, при местных органах образования, при школах. И здесь следует отметить непрерывное обучение педагогов благодаря качественной работе методической службы организации образования, направленное на освоение наиболее рациональных методов и приемов обучения и воспитания детей, повышение уровня общей дидактической и методической подготовленности педагога к ведению учебно-воспитательной работы в школе.

Имея опыт работы в школе комбинированного типа хотелось бы отметить, что работать в лицейских классах молодым специалистам достаточно сложно и выпускники ВУЗов нуждаются в постоянном методическом сопровождении со стороны администрации и наставников. Данной проблеме в нашей школе уделяется большое внимание. Организовано наставничество со стороны опытных педагогов и заместителей директора по учебной и научно-методической работе, проводятся консультации, собеседования, практические семинары, коучинги, посещаются уроки с обязательным их самоанализом и анализом.

Разработанные методические рекомендации для молодых учителей географии «Первые горизонты: что важно знать молодому географу» рекомендованы для начинающих учителей, рассматриваются и применяются в процессе из обучения и на уроках. Основная цель данных методических рекомендаций — это передать знания по общей методике преподавания на современном уровне и привить интерес к самостоятельному творческому решению методических вопросов. Методические рекомендации являются основой в проведении консультаций для молодых специалистов.

Работа, направленная на повышение методического уровня педагогов, является главным инструментом инновационного развития организации образования, обеспечивающая как его стабильное функционирование, так и способность к развитию и совершенствованию в целях обеспечения повышения качества образования.

Овладение педагогическим мастерством доступно каждому педагогу только при условии целенаправленной работы над собой с учетом собственного практического опыта. Именно труд, осмысленный с точки зрения его сущности, целей и технологий деятельности становится источником педагогического мастерства как сплава личностно-деловых качеств и профессиональной компетентности педагога.

Используемая литература:

1. Мижеригов В.А., Ермоленко М.Н. // «Введение в педагогическую деятельность» (глава 4.6. Профессиональная компетентность и умения педагога)»
2. Горячкина И.В. // «Управление профессиональным развитием педагогических работников в муниципальной системе образования» (магистерская диссертация УО (образовательная программа).
3. Плотникова С.В. // «Повышение профессиональной компетентности педагогических кадров на уровне современных требований»

Дуйсенова Актоты Куанкызы

Бастауыш сынып мұғалімі

«Бірінші мамыр жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
Түркістан облысы, Төлеби ауданы



«ОҚУ МЕН ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ: ТӘЖІРИБЕЛІК ӘДІСТЕР», БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ ОҚУ МЕН ЖАЗУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Бастауыш сынып – баланың жеке тұлға болып қалыптасуындағы ең маңызды кезең. Осы кезеңде қаланған білім негізі, әсіресе оқу мен жазу дағдылары оның болашақ білімі мен өмірлік табысының кепілі болып табылады. Оқу – тек әріптерді танып, сөздерді айту емес, ол мәтіннің мазмұнын түсіну, автордың ойын ұғу және өз ой елегінен өткізу. Ал жазу – бұл қол қимылы арқылы әріптерді тізбектеу ғана емес, ол өз ойын сауатты, жүйелі және анық жеткізу. Бұл екі дағды да білімге апаратын жолдың кілті іспеттес.

Бастауыш сыныптағы оқушының сауаттылығын арттыру – оның бүкіл оқу процесіне оң әсер етеді. Егер бала бастауыш сыныпта оқу мен жазуды толық меңгермесе, ол келесі сыныптарда басқа пәндерді (математика, жаратылыстану, тарих) оқып-түсінуде қиындықтарға тап болады. Себебі, кез келген пәннің негізі – мәтінмен жұмыс. Сонымен қатар, сауаттылық дағдылары баланың сыни ойлау, есте сақтау, назар аудару және өз бетінше жұмыс істеу қабілеттерін дамытады. Бұл дағдылар оның тек мектепте ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде де өзін еркін сезінуіне көмектеседі.

Оқу мен жазу дағдыларының өзара байланысы

Оқу мен жазу – бір-бірімен тығыз байланысты екі дағды. Оларды жеке-жеке дамыту тиімсіз. Керісінше, оларды бірлікте, яғни кешенді түрде дамыту қажет.

- Оқу жазуды дамытады. Жақсы оқушы жақсы жазады. Көп оқитын баланың сөздік қоры мол болады, сөйлем құрылымдарының дұрыс жасалуын түсінеді және көркем жазудың үлгілерін көреді. Ол автордың қалай ойын жеткізетінін, сөздер мен сөйлемдерді қалай құрастыратынын бақылайды. Бұл тәжірибе оған өз жазба жұмыстарын жасауға негіз болады.

- Жазу оқуды жақсартады. Бала жазған кезде әріптер мен дыбыстардың байланысын тереңірек түсінеді. Мысалы, "а" дыбысын жазған кезде, ол осы дыбыстың жазылу ерекшелігін және оның басқа дыбыстармен қалай үйлесетінін меңгереді. Жазу барысында бала мәтіннің құрылымын, сөйлемнің басталуын және аяқталуын түсінеді. Бұл оның оқыған мәтіндерді талдауына көмектеседі.

Екі дағды да бір-бірін толықтырып, күшейте түседі. Жазу оқығанды бекітсе, оқу жазуға жаңа идеялар береді. Мұғалімнің міндеті – осы екі процесті бір-бірімен үйлестіріп, оқушыларға оқуды саналы түрде, ал жазуды шығармашылықпен орындауға үйрету. Бұл әдістемелік құралда осы екі дағдыны кешенді түрде дамытудың тиімді тәсілдері мен практикалық жаттығулары ұсынылады.

Қорытынды

Бұл әдістемелік құралда қарастырылған оқу мен жазу дағдыларын дамытудың тәжірибелік әдістері оқушылардың сауаттылығын арттыруға ғана емес, сонымен қатар олардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін кешенді дамытуға бағытталған. Осы әдіс-тәсілдерді қолданудың негізгі нәтижелері мен мұғалімнің кәсіби дамуындағы инновациялардың рөліне тоқталып өтсек.

Қолданылған әдіс-тәсілдердің нәтижелері

Бұл құралда ұсынылған әрбір әдіс-тәсіл оқушылардың білім алу процесіне айтарлықтай оң әсер етеді. Олардың нәтижелері:

1. Оқу мен жазу сапасының артуы. Оқушылар мәтінді механикалық оқудан гөрі, оның мазмұнын терең түсінуге дағдыланады. Жазу жұмыстары да мағыналы, жүйелі және көркем сипат алады.

2. Сыни және шығармашылық ойлаудың дамуы. "Болжау", "Қос жазба күнделігі" сияқты әдістер арқылы оқушылар мәтіндегі ақпаратты талдап, өз ойларын еркін білдіруге үйренеді. Бұл олардың стандартты емес ойлау қабілетін қалыптастырады.

3. Танымдық белсенділіктің жоғарылауы. Ойын элементтері мен интерактивті тапсырмалар оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Олар сабақты міндетті әрекет емес, қызықты процесс ретінде қабылдайды.

4. Сөздік қордың молаюы және сөйлеу мәдениетінің артуы. "Сөйлем құрастыру ойындары" және "сипаттау жаттығулары" оқушылардың сөз байлығын кеңейтіп, олардың өз ойын ауызша және жазбаша сауатты жеткізуіне көмектеседі.

Мұғалімнің кәсіби дамуындағы инновациялардың рөлі

Инновациялық әдістерді қолдану оқушыларға ғана емес, мұғалімнің өзіне де кәсіби тұрғыда дамуға мүмкіндік береді.

1. Оқыту әдістемесін жаңғырту. Бұл құрал мұғалімге дәстүрлі оқытудан бас тартып, заманауи және тиімді әдістерді қолдануға жол ашады. Мұғалім оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес сабақты икемдеуге үйренеді.

2. Кәсіби біліктілікті арттыру. Жаңа технологиялар мен интерактивті құралдарды меңгеру мұғалімнің өзін үздіксіз жетілдіріп, білікті маман ретінде қалыптастыруға ықпал етеді.

3. Оқу процесін тиімді басқару. Әдістемелік құралда ұсынылған жоспарлар мен бағалау критерийлері мұғалімнің уақытын үнемдеп, сабақты нәтижелі ұйымдастыруға көмектеседі.

Қорыта айтқанда, Дуйсенова Актоты Куанкызының бұл әдістемелік құралы – бастауыш сынып мұғалімдері үшін өте қажетті және практикалық еңбек. Ол оқу мен жазу дағдыларын дамытуды жаңа деңгейге көтеріп, жас ұрпақтың білімді әрі сауатты болып өсуіне зор үлес қосады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы. Астана, 2017.
2. Жаңа педагогикалық технологиялар: оқу құралы / Қ. Қ. Қабдықайырұлы. Алматы, 2012.
3. Бастауыш мектепте оқытудың тиімді әдістері / С. С. Садықов. Алматы, 2015.
4. Оқытудың интерактивті әдістері / Г. К. Қожахметова. Алматы, 2014.
5. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру / С. К. Қалиев. Астана, 2016.
6. Бастауыш сыныптарда сауаттылықты қалыптастыру / Ж. А. Оразбекова. Алматы, 2018.
7. Шығармашылық жазуға баулудың әдістемесі / А. Б. Смағұлов. Шымкент, 2019.
8. Оқу дағдыларын дамыту / Д. Д. Махметова. Қостанай, 2020.
9. Мұғалімнің кәсіби біліктілігін арттыру жолдары / Б. М. Нұрғалиева. Алматы, 2017.

Айдағара Қарлығаш Амангелдіқызы

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

“№51 Ы. Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектеп” КММ

Түркістан облысы, Келес ауданы, Ошақты а/ә, С. Саттаров ауылы



АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚТЫҢ ҒЫЛЫМИ ТІЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫ

Алаш зиялыларының қазақтың ғылыми тілін қалыптастырудағы рөлі өте үлкен. Алаш зиялыларының еңбектері қазақтың ғылым тілінің негізін қалады. Баяндамада Алаш зиялыларының 1920-30 жылдары жарық көрген оқу-ғылыми мәтіндері лингвистикалық аспектіде қарастырылады. Бұл мәтіндер қазақтілді ғылыми дәстүрді қалыптастыруда қызмет етті.

Алаш зиялыларының тілдік мұрасы қазіргі зерттеушілер тарапынан едәуір қарастырылды [1]. Көптеген еңбектер қазіргі жазу нұсқасына түсіріліп қайта жарияланып та жатыр [2]. Осы еңбектерге сүйене отырып, Алаш зиялыларының ғылыми мұраларын лингвистикалық тұрғыдан қарастырудың бүгінгі күні мүмкіндіктері мол деп санаймыз.

Алаш зиялыларының ғылыми мұралары көбінесе терминологиялық тұрғыдан сөз етіліп жүр және бұл үрдіс әбден дұрыс, өйткені қазақ тіліндегі ғылыми терминдердің тұрақтана бастауы А.Байтұрсынұлы бастаған Алаш қайраткерлерінің еңбектерінен негіз алады [3]. Сонымен бірге бұл еңбектерді қазіргі тіл біліміндегі жаңа парадигмалар, соның ішінде мәтін лингвистикасы, мәтін коммуникативтілігі тұрғысынан да зерттеудің мәні жоғары. Олай болатын себебі, бұл еңбектер қазақ тіліндегі ғылыми және ғылыми-көпшілік мәтіндердің пайда болуының бастамасы болды, сондықтан оларда мәтін тудырудың өзіндік жолдары мен тәсілдері орын алды, мәтінге тән тұтастық пен байланыстылықтың өзіндік белгілері қатысқан, сондай-ақ жалпы ғылыми мәтіндерге тән тіл орамдылығының (мәтіндердің бірізді логикалық түзілімі) эволюциясы, даму жолы көрінеді.

Бұл мақалада 20-жылдары жарық көрген осы оқу-ғылыми мәтіндерінің қазақ ғылыми тілін қалыптастырудағы рөлі ескеріле отырып баяндалады. Ғылыми мәтіннің басты белгілері, оның ұйымдасуындағы кейбір мәселелерді негізге ала отырып, 20-жылдардағы оқу-ғылыми мәтіндерінің құрылымын қазақ ғылыми мәтіндерінің мазмұндық-тілдік жағынан ұйымдасуымен сабақтастықта қарағанды жөн көреміз. Біз талдауға алатын мәтіндер – қазақ тіліндегі жалпы ғылыми мәтіндердің жасалуының бастамасы. Ол мәтіндер жарық көрген аз уақыттың ішінде (кейін сыртқы факторлардың ықпалымен пайдаланудан шығарылса да), өздері мазмұндас кейінгі мәтіндерге өз ізін салып үлгерді. Мәтіннің түзілуіндегі түрлі тілдік тәсілдердің саралану, екшелену нормасы аталған оқу-ғылыми мәтіндеріндегі тіл орамдылығының қалыптасуынан көрінеді.

Біздің түсінігімізде, тіл орамдылығы сөйлем ішінде ғана емес, мәтіндік сипатта да қаралатын санат. Сөйлемдер арасындағы логикалық байланыстың айқын көрінуі, ғылыми ойдың композициялық қозғалысының мәтінде нақты бейнеленуі, көрініс табуы тіл орамдылығы

ҰҒЫМЫН

қалыптастырады. Бұл ұғымды ғылыми айналымға алғаш енгізген – А. Байтұрсынұлы. Ғалымның жазғанына сүйенсек, «Ұзын айтқанда ой дәуірлеген бетімен барып, қайтатын түрі болады. Сөйлеудің сондай түрлері орамды деліп аталады» Қазақ тіліндегі ғылыми стильдің қалыптасу барысын қарастыруда мәтіндердегі тіл орамдылығы осы уақытқа дейін сөз болған емес, сондықтан оның (тіл орамдылығының) даму бағдарын, эволюциясын зерттеу маңызды әрі қажет мәселе болмақ.

Бір қарағанда, 20-30 жылдардағы оқу-ғылыми мәтіндері формалды грамматикалық жағынан публицистикалық, тіпті көркем мәтінге де жақын тәрізді болып көрінеді. Алайда олардың мазмұны мен құрылымы ғылыми мәтінге тән екенін байқаймыз. Ең бастысы, бұл мәтіндер тұтастай бір саланың пәндік бейнесін нақты көрсетуімен құнды. Сөзіміз дәлелді болу үшін мына мысалдарға жүгінейік.

М. Жұмабаевтің «Педагогика» еңбегінің құрылымы:

Сөз алды; Жалпы педагогика; Жалпы педагогиканың екі бөлімнен тұратындығы. а) Дене тәрбиесі; ә) Жан тәрбиесі; Тәрбие деген не? Тәрбие бөлімдері; Педагогика қандай пән? Педагогикамен жақсы таныс болудың керектігі; Педагогикаға жәрдемші пәндер т.т.

М. Жұмабаевтің «Психология» еңбегінің құрылымы:

